AIQYN

www.aikyn.kz
e-mail: aikyngazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

БЕЙСЕНБІ №78 (4472)
18.07.2024

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

РЕСМИ СТАТИСТИКАҒА **СЕНІМ МОЛ**

Мемлекет басшысы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің төрағасы Жандос Шаймардановты қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа әлемдік және ұлттық экономикадағы қазіргі трендтер туралы мәлімет берілді. Сондай-ақ құрылымдық реформаларды одан әрі жүзеге асыру жөніндегі ұсыныстар таныстырылды.

Агенттік төрағасы мемлекеттік статистика мен деректерді басқару негіздерін институционалдық тұрғыдан күшейту туралы баяндады. Оның айтуынша, Ұлттық статистика бюросына әкімшілік дереккөздерге қатысты мемлекеттік бақылау өкілеттігі берілді. Жыл соңына дейін тоғыз мемлекеттік органның деректер базасы сапасына бағалау жүргізіледі. Бұл әкімшілік дереккөздері үшін сапа стандарттары мен халықаралық әдістемені қолдануға көмегін тигізеді.

Мемлекет басшысына агенттіктің әкімшілік және балама ақпарат көздерін белсенді пайдалануды ескере отырып, статистикалық қызметті қысқа мерзімді жоспарлаудан үш жылға дейінгі орта мерзімді жоспарлауға көшуі жөнінде айтылды.

Жандос Шаймарданов аталған реформалар статистикалық есептілікті екі есеге дейін азайтуға мүмкіндік беретінін және деректердің сапасы мен ресми статистикаға деген сенімді арттыратынын жеткізді.

Кездесу соңында Президент әлеуметтік-экономикалық реформаларды жан-жақты пысықтаудың маңызды екеніне тоқталып, агенттік төрағасына осы бағыттағы жұмыстарды жалғастыруды тапсырды.

ТІЗГІНДЕСЕҢ, АВТОБУСТЫ ТІЗГІНДЕ!

Қазақстанда енді 23 жастағыларға да автобус жүргізуге рұқсат етілді. Бұл бастама Парламентте, эксперттік ортада қызу пікірталас туғызды. Сарапшылардың айтуынша, бір жағынан, арты оңға-солға 1 метрге сырғитын алып автобусты күні кешегі бозбала жауапты айдай алмауы мүмкін. Екінші жағынан, бұл бір азапты жұмыс: бірнеше сағат бойы тамақ ішпей, дәретке отырмай, аптап ыстыққа, үскірік аязға төзуге тура келеді. Жас жігіттің денсаулығы сыр беруі мүмкін. Онда Үкімет бұл қадамға неге барды?

▸▸ 4

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»: МАҚСАТ – ЭКОМӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Елімізде «Таза Қазақстан» акциясы басталды. Акция жай ұран емес, оның басты мақсаты – қоғамда экомәдениетті қалыптастыру. Шыны керек, экология – мәңгілік тақырып. Адамзат баласы қанша уақытқа дейін Жер планетасын мекен етсе, экология тақырыбы соншалықты өзекті бола бермек. Акция аясында бірреттік емес, нақты кешенді, толыққанды сипаты бар қандай жұмыстар атқарылып жатыр? Біз осы сұрақ төңірегінде Атырау облысы бойынша зерттеу жүргізіп көрдік.

▸▸ 3

ӘННІҢ ДЕ БРЕНДІ БАР, **ТРЕНДІ БАР**

Елдің атын әлемге танытатын әр саланың өз бренді бар. Киімнің сапалы болуы, тамақтың өнімділігі туралы сөз қозғалғанда міндетті түрде белгілі бір елдің аты аталады. Тіпті, музыкада да қалыптасқан бренд бар. Музыкадағы ұлттық бренд деп отырғанымыз – Қазақстан атын естігенде шетелдіктердің ойына бірден келетін тұлғалар немесе еліміздің танылуына ықпал етіп жүрген өнер майталмандары. Музыка әлеміндегі бренд термині әлі толық қалыптасып, жеке анықтамаға ие емес. Дегенмен осы салада жүріп еліміздің атын шығарып, даңқын көтерген тұлғалар аз емес. Ұлттық бренд деген кім? Оны қалай жасайды? Ендеше осы сауал төңірегінде ой өрбітіп, музыка өнерінің ішінде жүрген мамандардан жауап алуға тырысқан едік.

(Жалғасы 7-бетте)

АЯҒЫМА КИМЕДІМ **БЫЛҒАРЫ ЕТІК**

Кеңес үкіметі тұсында «Джамбулкожобувь» өндіріс ошағының аты тұтас одаққа дүркірегені белгілі. Ол кезде бір ғана Жамбыл қаласынан 6 миллион жұп аяккиім шығарылған екен. Қазір ол дәуір тарихтың қойнауында қалды. Десе де, қазір «ТаразКожОбувь» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жұмыс істеуде. Аталған кәсіпорынның бүгінгі тынысы қандай? Байырғы даңқы мен өндіріс көлемін қайта қайыруға бола ма? Зер салып, зерделеп көрсек...

▸▸ 8



ТЕМІРЖОЛ ПАРКІ ТҮҢІЛІП ТҰР

2 БЕТ

Биыл Қызылорданың теміржол вокзалы қайта жаңғыртылып, адам танымастай өзгерді. Айналасы абаттандырылып, ерекше күйге бөленді. Дей тұрғанмен, «әттеген-ай» дейтін тұстары әлі де бар. Қай кезде де теміржол вокзалы маңы қайнаған тіршіліктің ортасы саналады.

АМАНАТ АРҚАЛАҒАН АЙША

7 БЕТ

Мәдениеттің мәйегі болған театрдың орны бір төбе. Ол бүгінгінің де, кешегінің де кең құлашты тарихын уақыттың тар шеңберінде алақандай кеңістікте көрсетіп қана қоймай, көрерменге түрлі эмоцияны тікелей сезіндіру үшін ерен еңбекті талап ететін өнер ордасы.

ЖАҢА ҚОҒАМДЫ БІРГЕ ҚҰРУЫМЫЗ КЕРЕК

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың таяуда «Время» газетінде көлемді мақаласы жарық көрді. Онда ол Қасым-Жомарт Тоқаевтың билікке келген алғашқы бес жылында Қазақстанда жасалған қоғамдық тұтастық трансформацияларына талдау жасаған. Осы талдау негізінде автор саяси тұрғыдағы «Тоқаев формуласын» тұжырымдап шығады.

Шын мәнісінде, Әшімбаев еліміз ұзақ уақыт бойы тоқтауы жоқ теңселіс үстінде болғанын айтады. Кеңес Одағының үйіндісі астынан шыққан бетте жас мемлекетті плюрализм, азаматтық белсенділік пен кәсіпкерлік жоғары ынта сынды құбылыстар шырмап алды. Осы ретте билікке сан жылдар бойы қордаланып келген еркіндікке деген аңсар көңілдің ығымен жүруге тура келді.

Алайда төбемізге сау ете түскен бұл еркіндіктің де өзіндік теріс жақтары бар еді. Олар – экономикалық дағдарыс, ұйымдасқан қылмыс, сепаратизмге бет бұру және тағы басқалар. Сол себепті тізгінді тартып, тәртіпке шақыратын мемлекеттік тетіктерді күшейтуге тура келді. «Алдымен экономика – содан кейін саясат» деген қағида жоқшылықта күн кешіп жатқан қалың бұқара арасында түсіністікпен қабылданды.

Алғашында бәрі ойдағыдай жүріп жатты – орталықтандырылған билігі бар мемлекетіміз мұнай өндірісіндегі дүмпудің алғашқы жылдарында мұнай табысын үлестіруді орайымен орындап отырған еді. Бірақ бұл орайлы шақ тым ұзаққа созылып кетті. Мұнайдан түскен долларлардың шексіз ағынына коррупциялық жүйе сүлікше жабысты. Мол қаржыны қадағалау үстемдігін сақтап қалу үшін билік азаматтық еркіндікті шектеуге, ара-тұра саяси қысымды күшейтуге де бара бастады. «Жоғалған онжылдық» – Қазақстанда 2010 жылдар осылай аталды.

Тоқаев 2019 жылы үлкен трансфердің нәтижесінде билікке келген кезде өзінің табандылығын бірден көрсетіп, кезектен тыс сайлау арқылы мандатын күшейтіп алды. Осыдан соң Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі және «Халық үніне құлақ асатын» тұжырымдамасы арқылы делиберативті демократия тетіктерін іске қосты. ҰҚСК алаңында саяси жаңғыртулардың бірнеше пакеті әзірленіп, қабылданды. Олар сайлау және партия заңнамасын ырықтандыру, плюрализмді дамыту шаралары, құқықтық жүйені ізгілендіру туралы еді.

Бұл ретте Әшімбаев билік қолайлы жағдайда жұмыс істемегенін еске салады: Арыстағы жарылыстар, пандемия және әртүрлі ауқымдағы басқа да апаттар соның бір парасы ғана.

«Олигархтар «ескі ережемен» бұрынғысынша жалғастыра бергісі келген жемқор жүйеден халықтың әбден шаршағаны анық еді. Ал Ақорданың бұл ережені өзгертуге ұмтылысы элитаның қарсылығын тудырды. Наразы элита 2022 жылғы халық наразылығын өз пайдасына малдануға тырысты, оның соңы Қанды қаңтарға ұласты. Өкінішке қарай, құрбансыз болмады, бірақ саяси тұрақтылықты сақтау жолында және жарқын болашаққа деген қандай да бір үмітті сақтау үшін шешуші әрекеттерге бару қажет болды» деп атап өтті Әшімбаев.

2022 жыл оңай болған жоқ деп еске алады Сенат Спикері. Жаһандық геосаяси қақтығыстар фонында ішкі саяси дағдарыс бой көрсетті. Осы тұрғыда Президент Тоқаев реформалардың жаңа пакетін, ең алдымен, жоғары билік тетіктерін қайта теңестіру бағытын жаңаша жүзеге асыру туралы шешім қабылдайды. Осы ретте Президенттің өкілеттігі бір мерзіммен шектеліп, кадрлық шешімдердің непотизмге ұласып кету мүмкіндігі қысқартылғанын атай кетуге болады.

«Жаңа Әділетті Қазақстан» идеясы ұсынылды. Ол қоғамдық-саяси кеңістікті кезең-кезеңімен салиқалы түрде демократияландыруға, іскерлік ахуалды шын мәнінде жақсартуға және табиғи ресурстарды әділ бөлуге бағытталған түбегейлі экономикалық реформалардан тұрды.

Әшімбаев бір нәрсені дұрыс түсінуге шақырады. Қазір Әділ Қазақстанды құруға ұмтылған қоғамда өмір сүріп жатқандардың көпшілігі негізінен Тоқаев президент болғанға дейінгі кезеңде де өмір сүргендер. Сол себепті ел азаматтарын «ескі қазақстандықтар» және «жаңа қазақстандықтар» деп бөлудің еш мәні жоқ. Бізге жаңа модельді қабылдап, жаңа қоғамды бірге құру керек. Қоғамдық тұтастықтың мағынасы – билік пен қоғамның ортақ ережелерді сақтауында.

Шын мәнісінде, Мәулен Әшімбаев бұл жерде институционалды мемлекет құрылысы туралы айтып отыр. Ол белгілі бір адамның жеке басына табынушылықпен емес, баршаға ортақ құндылықтармен – патриотизммен, рационализммен, өркениетті диалогпен байланысты жүзеге асуға тиіс.

Ғазиз ӘБІШЕВ,
саясаттанушы

ТЕМІРЖОЛ ПАРКІ ТҮНІЛІП ТҰР

Биыл Қызылорданың теміржол вокзалы қайта жаңғыртылып, адам танымастай өзгерді. Айналасы абаттандырылып, ерекше күйге бөленді. Дей тұрғанмен, «әттеген-ай» дейтін тұстары әлі де бар.

Қай кезде де теміржол вокзалы маңы қайнаған тіршіліктің ортасы саналады. Алайда соңғы кездері қала халқы вокзал маңындағы теміржол паркінің тозып тұрғанын тілге тиек етіп жүр.

Шынында да, қала қонақтары мен тұрғындардың жиі тынығатын орнының жөндеу көрмей, жетімнің күйін кешіп тұрғаны жасырын емес. Демалыс орнына күтім жасалмай, күннен-күнге күйі қашып барады.

Негізінен, 2021 жылы аталмыш демалыс орнына жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Қайта жаңарған паркте халық жанына қажетті дүниенің барлығы жасалды. Атап айтқанда, демалыс орнына волейбол, баскетбол, теннис пен спорттық алаңдар салынып, субұрқақ орнатылды.

Бұған дейін теміржол саябағына кеңестік кезеңнен қажетсіз болып қалған көптеген бюст пен ескерткіш қойылған болатын. Сол уақыттарда бұл жерге Лениннің бірнеше ескерткіші қойылып, Ворошилов, Горький, Морозовтардың тас мүсіндері, тіпті бұрын вокзалда тұрған Орынбор-Ташкент теміржолын салушыларға арналған тұтас бір мүсінді композицияға да осы жерден пана табылған еді. Соған орай бұл демалыс орны халық арасында «Кеңес кезеңінің зираттары» деп те аталып кеткен болатын.

«Әрине, тарихты өшіру мүмкін емес. Бір кездері бұл орында Кеңес кезеңінде ойып тұрып орын алған тұлғалардың тас мүсіндері шоғырланды. Мүсіндердің әрқайсысы кезінде қала көшелерінің сәнін келтірген енселі ескерткіштер болатын. Яғни, көне дәуірден жеткен кешегі Қызылорданың бір бөлшегі еді. Дей тұрғанмен, қазіргі заман мүлде басқа. Оның үстіне, халықты толғандырған мәселе ескерткіштердің тағдыры емес. Төрт жылға жуық уақыт бұрын қайта жөндеуден өткен саябақтың бүгінгі ахуалы көпті ойлантады. Сол уақытта қыруар қаржы бөлініп, ел игілігіне берілген демалыс орнының бүгінде елеусіз қалғаны қынжылтады. Тазалық жұмыстары да назардан тыс қалған сияқты. Саябақ ішінде сіз өскен шөптерден аяқ алып жүру мүмкін емес. Нағыз жабайылықтың көрінісі көзге ұрады. Бұл кешкілік мезгілде қала халқының балаларын ертіп, серуендеп, тынығуына қолайсыздық тудырып тұр», – дейді қала тұрғыны Светлана Қаржауқызы.

Қала халқының уәжіне құлақ түрсек, теміржол саябағының бүгінгі жабайы көрінісі көптің ашуызасын туғызып тұр. Соған орай бейберекетсіз өскен шөп оталып, гүл егілсе деген талабы бар. Бұған дейін саябақ ішінде өскен қамыстың биіктігі екі метрге дейін жеткен еді. Оған қоса, темірлер қоршаулары сырланып, қабырғалары әктелуге тиіс дегенді де алға тартады. Бір сөзбен айтқанда, демалыс орнының ішкі көрінісінен тазалық жұмыстарына мүлде мән берілмегені анғарылады.

Жалпы, саябақ қана емес, сол аумақ халқы теміржол вокзалына апаратын жолдың тазалығына да көңілі толмайтынын алға тартады. Көп жағдайда қураған ағаштар мен қоқысқа толы арықтар бұл маңның үйреншікті көрінісіне айналған.

Қазіргі теміржол саябағының халі Қызылорда қаласы әкімдігіне де мәлім. Әкімдік тарапынан тиісті жұмыстар жүргізілетінін айтқанына да аз уақыт өткен жоқ.

«Қазір «Теміржолшылар» саябағын сенімгерлік басқаруға беру үшін мемлекеттік сатып алу конкурсы жүргізілуде. Мердігер мекеме анықталған жағдайда тиісті жұмыстар атқарылатынын хабарлаймыз. Алдағы уақытта парк толық қалпына келтірілетін болады», – деп мәлімдеді Қызылорда қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінен.

Қалай дегенде де, тұрғындар құзырлы орындар тарапынан дәл осындай уәж айтылғанымен, әлі нақты нәтиже болмай тұрғанына ашынады. Көпшілік жаз мезгілінің аяқталуына көп қалмағанын ескере келе, саябақ биыл да жабайы күйден арыла алмайтын сияқты деген пікірде жүр.

Бүгінде жаздың аптапты ыстығында жанына сая іздеген жұртшылық саябақтың тек сыртынан айналып өтуге мәжбүр. Ал демалыс орнына жөндеу жұмыстары нақты қай кезде жүргізілетіні әзірге беймәлім күйде қалып тұрған сияқты.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

МАСЫЛДЫҚ ПСИХОЛОГИЯ ӘДЕТ ПЕ?

2022 жылдан бастап «уақытша тұрақсыз жастар» ұғымы заң жүзінде бекітілді. Алғаш ағылшын қоғамы XX ғасырдың соңына қарай аударсақ, «не жұмыс істемейтін, не оқымайтын, не өзге де істермен айналыспайтын адам» туралы мәселе көтерді. Кейін Бүкіләлемдік банк әлеуметтік әлсіз топтарды мемлекеттік сараптаумен айналыса бастады. Ғылымға NEET деген терминімен жаңалық болып енген ұғым қоғамда кейінгі жылдары жиі айтыла бастағанымен, бұл санаттағы жастар бұрыннан бар екені даусыз. Ағылшын тіліндегі Not in Employment. Education or Training NEET ұғымын қазақ тіліне аударсақ, «қоғамға еш пайдасы жоқ, қоғамға масыл» дегенді білдіреді.

Алдымен масылдық психология деген не, масыл адам дегеніміз кім екенін анықтап алсақ. Қазақ масыл деп жұмысқа құлқы жоқ, біреудің еңбегінен күн көріп, жатып ішуге дағдыланған, жалқау адамды айтады. Ал психолог Ақнұр Тәуекелдің айтуынша, масыл адам деп практикалық психологияда біреудің есебінен өмір сүретін және солай өмір сүргенді жақсы көретін адамды айтады.

– Масылдық әлеуметтік психологияда әдетте нәрестелік-патерналистік кешен ретінде анықталатын көзқарасқа негізделген. Мұнда масыл адамның екі түрі бар екенін білген жөн. Бірі – көп жағдайда бала болып қалатын, күнделікті өмірден бастап жалпы қоғам деңгейіне дейін мемлекет түріндегі ата-анасының қамқорлығына, қорғауына мұқтаж адамдар. Мұндай адамдарды инфантиль деп атайды, яғни жасы бойынша ересек болғанмен, психологиялық тұрғыдан балалық қасиеттерді сақтайтын адамдар. Ал екінші түрі – жетілмеген адамдарға ата-ана ретінде қатысты әрекет ететін, оларды қорғау және қамқорлықпен қамтамасыз ететін күштерден құралады. Сондықтан мұндай көзқарас «патернализм» деп аталады, яғни «әке» қажеттілігімен, оны қорғау және қамқорлық қажет етумен байланысты көзқарас. Бұл масылдық психологияда қорғау мен қамқорлықты қажет ететіндер және оны қамтамасыз ететіндер деп қарастырылады, – дейді психолог.

Қазақстанда 2023 жылдың II тоқсанындағы жағдайға сәйкес, 15 пен 34 жастағы NEET санатындағы жастар саны 401 584 адамды құрайды. Егер мемлекет тарапынан тиісті шаралар қабылданбаса, бұл мәселені түпкілікті зерттеп жүрген отандық сарапшы мамандардың айтуынша, мұндай жастар деструктивті топтардың оңай олжасына айналуы әбден мүмкін. Қоғамда мұндай немқұрайды жастардың қалыптасып, көбеюінің негізгі себебі не? Қандай факторлар әсер етуі мүмкін? Масылдық психология әдет пе? Зерттеуші Динара Әлімханованың айтуынша, қоғамда NEET жастарының пайда болуына «микро, мезо, макро» деген үш фактор әсер етеді.

– Микрофакторға жастардың жасы, жынысы, өзінің және ата-анасының білім деңгейі, тұратын жері ықпал етеді. Сондай-ақ әйел адамдардың NEET санатына қосылу ықтималдығы екі есе жоғары. Өйткені 25-29 жас аралығында олар көбіне бала күтімімен, яғни жұмыс істемей үйде отырады, – дейді Динара Әлімханова.

> *Масылдық әлеуметтік психологияда әдетте нәрестелік-патерналистік кешен ретінде анықталатын көзқарасқа негізделген. Мұнда масыл адамның екі түрі бар екенін білген жөн. Бірі – көп жағдайда бала болып қалатын, күнделікті өмірден бастап жалпы қоғам деңгейіне дейін мемлекет түріндегі ата-анасының қамқорлығына, қорғауына мұқтаж адамдар.*

Елімізде NEET санатындағы кәсіптік білімі жоқ және жұмыссыз жүрген жастарды қолдау мақсатында бірқатар шара қолға алынған. Үкімет мемлекеттік жастар саясатын күшейту аясында тиісті қаулы да қабылдады. Құжат «білімі жоқ және жұмыссыз» жастармен (NEET санаты) нақты жұмыс жүргізетін бірқатар орталық мемлекеттік органның құзыретін айқындайды. Мәселен, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі уақытша жұмыссыз қалған жастардың жұмысқа орналасуына көмектесіп, жастарды жұмыспен қамту бойынша мемлекеттік-әлеуметтік тапсырыстың орындалуын бақылайды. Сондай-ақ мемлекет 2025 жылға қарай NEET санатындағы жастардың мемлекеттік қолдау шараларына қанағаттану деңгейі 80%-ға дейін арттыруды қолдап отыр.

Дегенмен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әлеуметтік көмек көрсетудің жаңа кешенді үлгісін әзірлеу барысында әлеуметтік көмектің кімге және қалай берілетінін түгел қайта қарау қажет екенін ескертті.

– Қазір төрт жарым миллионға жуық адам мемлекеттен әлеуметтік көмек алады. Бұл – шамамен еліміздің әрбір бесінші тұрғыны деген сөз. Басым көпшілігі – еңбекке жарамды азаматтар. Халыққа әлеуметтік көмек береміз деп біз, шыны керек, қоғамда масылдық психологияға жол бердік», – деді Президент.

Сондықтан жастардың бойында күнделікті еңбек етуге деген әдет-дағдыны қалыптастыру, әлеуметтік тәртіп-ережелерді дұрыс түсіндіру, сыртқы мүдделі тараптардың ықпалынан қорғау секілді жұмыстар тұрақты түрде атқарылуға тиіс.

Тілек ҚАБЫЛ

ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫ АРТТЫРУ ҮШІН 7 500 МҰҒАЛІМ ДАЯРЛАНАДЫ

«AMANAT» партиясы «Қарызсыз қоғам» жобасы аясында мұғалімдерді қаржылық сауаттылықты оқыту дағдыларына үйретуді ұйымдастырды. Ел бойынша барлығы 7 500 мектеп, колледж және университет мұғалімдері оқытылады. Жоспар бойынша жаңа пән алдағы оқу жылында мектеп бағдарламасына енгізілмек.

Астанада оқу семинарының қатысушыларымен Мәжіліс Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов, Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек және Оқуағарту министрі Ғани Бейсембаев кездесті. Мәжіліс Спикерінің айтуынша, мұғалімдер әрдайым қоғамдағы жаңа және прогрессивті бастамалардың негізгі нұсқаушысы. Сондықтан педагогтердің қаржылық сауаттылық бойынша жаңа пәннің мәнін түсінуі және жастарды оқытуы маңызды.

«Өздеріңіз білетіндей, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің халыққа Жолдауында қаржылық сауаттылықты арттыру бойынша «Қарызсыз қоғам» жобасына ерекше назар аударды. Президент Үкіметпен бірлесіп бұл бастаманы жалпыұлттық жобаға айналдыруды және оның ауқымын кеңейтуді тапсырды. Бұл жұмысты ең алдымен мектеп пен ЖОО-дан бастау керек. Біздің Президентіміздің негізгі саясаты – реформаларды халық үшін және халықпен бірге жүргізу. Сондықтан біз сіздерді, мұғалімдерді шақырып, қаржылық сауаттылықты арттыру бойынша жұмыс істегіміз келеді», – деді ол.

Мәжіліс Спикері бүгінгі отандық білім беру жүйесі өскелең ұрпаққа ең қажетті білімді беріп, оларды қазіргі өмірге барынша дайындауы тиіс екенін ерекше атап өтті. Бұл – алдыңғы қатарлы шетелдік елдердің тәжірибесі.

Ол сондай-ақ мемлекет халықтың қарыз жүктемесін азайту бойынша жүйелі шаралар қабылдап жатқанын тілге тиек етті. Президенттің тапсырмасы бойынша Мәжілістегі «AMANAT» партиясы фракциясы халықтың несиелік жүктемесін азайтуға бағытталған жаңа заң жобасын әзірледі. Бұл заң бірінші кезекте азаматтардың мүдделерін қорғауға бағытталған.

Партия хатшысы Эльдар Жұмағазиевтің айтуынша, 2024 жылы қаржылық сауаттылықты 100 мың студент және 450 мың оқушы оқиды. Қосымша 200 мың адам оқыту курстарынан өтеді. Осылайша, биыл «Қарызсыз қоғам» жобасымен 750 мың адам қамтылады.

«Қарызсыз қоғам» жобасының әдіскерлер жұмыс тобының жетекшісі Алма Дощанова 600 мың мұғалім, оқушы және олардың ата-аналары арасында арнайы сауалнама жүргізілгенін айтты. Зерттеу нәтижелері бойынша, сауалнамаға қатысқан оқушылардың 60%-ы қаржылық сауаттылықтың маңыздылығын атап өтті. Бұл бастаманы ата-аналар тарапы да қолдайды, 78% респондент балаларының қаржылық сауаттылықты оқуға қызығушылық танытқанын айтады. Әдіскер-жобалаушы Назым Бекжігіттің пікірінше, қаржылық сауатты азамат елдің дамуына негіз болады.

Семей қаласының №5 гимназия мұғалімі Сайрамгүл Жұмаділованың пікірінше, қазіргі уақытта смартфонның көмегімен несие рәсімдеуге болатын цифрлық дәуірде баланы қаражатты басқаруға, жоспарлауға және шығындарды есептеуге үйрету өте маңызды.

«Мектептердегі қаржылық сауаттылық оқыту маңызды, өйткені ол балаларды ақшаны басқаруға үйретеді: бюджет құру, үнемдеу және ақшаға жауапты болу. Қарыздар мен алаяқтықтан аулақ болуға, кәсіпкерлік дағдыларды дамытуға және болашаққа деген сенімділікті арттыруға көмектеседі. Бұл білім пайдалы және қаржылық тұрғыда тұрақты қоғам құруға көмектеседі», – деді ол.

Кездесу соңында Оқу-ағарту мен Ғылым және жоғары білім министрлері Ғани Бейсембаев пен Саясат Нұрбек «Қарызсыз қоғам» жобасының жоғары өзектілігіне тоқталып, оны білім берудің үш деңгейінде – мектептерде, колледждерде және университеттерде толық қолдайтынын айтты. Атап айтқанда, қаржылық сауаттылық бойынша мектеп олимпиадалары өткізіледі. Осы пәнді оқыту қарқыны артады. Ол бүкіл ел бойынша, әсіресе экономикамен байланысты емес мамандықтар үшін барлық жоғары оқу орындарында міндетті болады.

Еске сала кетейік, «Қарызсыз қоғам» жобасы былтыр 2 мамырда басталған болатын. Жобаны іске асыру барысында 150 мыңға жуық адам оқудан өтті. Оқу курсының қатысушыларына ыңғайлы болу үшін qogamfin.kz. онлайн-платформасы әзірленді. Сайт арқылы оқуға жазылып, пайдалы материалдар мен бейне сабақтарды жүктеп алуға болады.

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»: МАҚСАТ – ЭКОМӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Елімізде «Таза Қазақстан» акциясы басталды. Акция жай ұран емес, оның басты мақсаты – қоғамда экомәдениетті қалыптастыру. Шыны керек, экология – мәңгілік тақырып. Адамзат баласы қанша уақытқа дейін Жер планетасын мекен етсе, экология тақырыбы соншалықты өзекті бола бермек.

Баян ЖАНҰЗАҚ

Акция аясында бірреттік емес, нақты кешенді, толыққанды сипаты бар қандай жұмыстар атқарылып жатыр? Біз осы сұрақ төңірегінде Атырау облысы бойынша зерттеу жүргізіп көрдік.

Атырау облысының әкімдігінен білгеніміздей, «Таза Қазақстан» аясында Атырауда апта сайын сенбілік ұйымдастырылып жатыр. Сонымен бірге «Жасыл ел» жасағының сарбаздары қыркүйек айына дейін осы бағытқа жұмылдырыла береді. Қазіргі уақытта Атырау облысында тасқыннан кейінгі жағалауларды тазалау жұмыстары қарқынды жүріп жатыр.

Айта кету керек, Атырау облысында ТЖ режимі 7 сәуірде жарияланды. Өңірде ай бойы алдағы су тасқынына дайындық жүріп жатты. 30 күннен аз уақыт ішінде өңір тұрғындары Жайық өзенінің жағалауын су тасқынынан қорғау үшін құммен толтырып, 5 миллионға жуық қап жинады.

– Бақытымызға орай, барлық елді мекендер, соның ішінде Атырау қаласы да үлкен судан қорғай алды. «Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында жағалаулардағы қорғаныс бөгеттері бұзылып, қапшықтар қаладан шығарылуда. Жалпы алғанда, жағалауды қаптардан тазартуға біздің ұжымнан 160 адам қатысады. Сондай-ақ арнайы техника-үш экскаватор, екі КамАЗ, бір самосвал жұмылдырылған. Мұнда 3 ай бұрын салынған бөгеттерді бөлшектейміз, жағалауды ретке келтіреміз, – деді «Атырау Жарық» АҚ президенті Мейірбек Губашев.

Сенбілік аясында Жайық өзенінің бүкіл жағалауы 16 учаскеге бөлінді. Әр қайсысына өзінің 1 мың шаршы метріне жауап беретін өзінің үйлестірушісі тағайындалды. Акция қорытындысы бойынша жұмысшылар жағалаудан 160 тонна топырақ шығарды. Инертті материал құмды карьерлерге құйылды, ол бұрын алынған.

– «Таза Қазақстан» акциясы аясында біз Жайық өзенінің жағасынан құм салынған барлық қапшықтарды жинай бастадық. «AMANAT» партиясына бекітілген өзіміздің белгілі бір учаскеміз бар. Қазір мұнда партия мүшелері, қоғам белсенділері, депутаттар мен жастар жұмыс істейді. Су тасқынына дайындық жақсы деңгейде өтті, қазір қауіп өткеннен кейін қаланы ретке келтіру керек, – деді «AMANAT» партиясының Атырау облыстық филиалының төрағасы Абдолла Ыдырысов.

«Таза Қазақстан» акциясы Атырау облысының бес ауданында да жалғасын табуда. Жастар үшін сенбіліктер квест форматында өтіп жатыр. Сондай-ақ ұйымдастырушылар «Таза жағалау», «Таза ауыл», «Таза аула», «Таза көше» номинациялары бойынша жеңімпаздарды анықтауда.

Өткен аптада бір ғана Атырау қаласы бойынша өткен сенбілікте 500 тоннадан астам қоқыс шығарылды. Атырау облыстық табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Нұрлан Жантоқовтың айтуынша, аймақта өткізілген сенбіліктерге 22,5 мыңнан астам адам қатысып, 386 техника жұмылдырылған.

«Нәтижесінде, 547 тонна қоқыс полигонға төгілді. Алайда Жылыой ауданын санитарлық тазалау жұмыстары өз деңгейінде жүргізілмеуі тұрғындар наразылығын тудырып отыр. Облыс елді мекендерін көгалдандыру бағытында жасалған өңірлік жоспарға сәйкес, биыл барлығы 59 гектарға 117 000 ағаш отырғызу жоспарланды. Оның 15 гектарына 10 993 көшет отырғызылды. Бұл жұмыстар Жылыой мен Индер аудандарында жүргізілген жоқ, жоспар орындалмауы мүмкін», – деді Н.Жантоқов.

«Таза Қазақстан» аясында Жылыой ауданының орталығы Құлсары қаласында Құрсай каналының жағалауы абаттандырылып жатыр. Атырау облысы өңірлік коммуникациялар қызметінің мәліметінше, Құлсары қаласында Құрсай каналының жағалау сызығының екі шақырымын абаттандыру жұмыстары жүргізілуде.

«Жағалауға 10 200 шаршы метр тротуар плиталары төселді, жергілікті тұрғындардың демалуына арналған 103 орындық, арнайы қоқыс жәшіктері және 203 шам бағанасы орнатылды. Сонымен қатар көгалдандыру жұмыстарын қамтып отырмыз. Бүгінде жағалау бойында 350 тал көшеті егілді. Абаттандыру жобасы өңірдің ірі жер қойнауын пайдаланушыларының «Игілік» әлеуметтік бағдарламасы аясында жүзеге асырылуда. Құлсары қаласындағы Құрсай каналының жағалауын абаттандыру Атырау облысындағы «Таза Қазақстан» акциясының жалғасы болды», – дейді Жылыой ауданының әкімі Жұмабек Қаражанов.

Еске сала кетейік, елімізде «Таза Қазақстан» бағдарламасы бойынша жаңа өтінім беру сервисі іске қосылды. Сервис еліміздің әрбір тұрғынына тазалық пен тәртіпті сақтауға белсенді қатысуға мүмкіндік бере отырып, халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған.

Экология және табиғи ресурстар министрлігі «Таза Қазақстан» ауқымды акциясы аясында қала және экология мәселелері туралы өтінім берудің жаңа сервисін әзірледі. Енді еліміздің барлық өңірінің тұрғындары ыңғайлы телеграмм чат-боты – @TazaQazBot арқылы өтінім бере алады.

– Әрбір қазақстандық проблемасы бар орындардың фотосуретін жібере алады немесе галереядан суреттерді жүктей алады, проблеманы – жолдардың, саябақтардың, кірме жолдардың, жарықтандырудың, абаттандырудың, сонымен қатар қоғамдық және жеке аумақтардың санитарлық жай-күйі туралы егжей-тегжейлі сипаттап, орналасқан жерін көрсете алады. Барлық ақпарат операторға жергілікті атқарушы органнан келіп түседі, ол оны жіктейді және орындаушыны тағайындайды, – деп хабарлады Экология және табиғи ресурстар министрлігі.

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы Атырау қаласында белсенді түрде ұйымдастырылып, тұрғындар тарапынан зор қолдауға ие болды. Шын мәнінде, бұл бір жылдық немесе бес жылдық емес, ұлттық идеология деңгейіне көтеріліп, жалғасатын өміршең қозғалыс болуы керек. Себебі таза экология – дені сау ұрпақтың, ғаламның болашағы. Экологиялық мәдениетті әр отбасы өз шаңырағынан бастап, балабақша, мектеп, оқу орындарында жалғастыруымыз керек. Тазалықтың барлығы өзіміздан басталады», – дейді жас эколог Нұргүл Имамұратова.

Атырау облысы

Қазақстанда енді 23 жастағыларға да автобус жүргізуге рұқсат етілді. Бұл бастама Парламентте, эксперттік ортада қызу пікірталас туғызды. Сарапшылардың айтуынша, бір жағынан, арты оңғасолға 1 метрге сырғитын алып автобусты күні кешегі бозбала жауапты айдай алмауы мүмкін. Екінші жағынан, бұл бір азапты жұмыс: бірнеше сағат бойы тамақ ішпей, дәретке отырмай, аптап ыстыққа, үскірік аязға төзуге тура келеді. Жас жігіттің денсаулығы сыр беруі мүмкін. Онда Үкімет бұл қадамға неге барды?

ТІЗГІНДЕСЕҢ, АВТОБУСТЫ ТІЗГІНДЕ!

Елдос СЕНБАЙ

Сонымен, республикада алғаш рет автобус жүргізушілерінің жас шектеуі 23 жасқа дейін түсірілді. Бұл жаңалық Парламент қабылдаған «Кейбір заңнамалық актілерге көлік және электрмобильдерге арналған инфрақұрылымды дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңында қарастырылған.

Айта кету керек, сарапшылар арасында бұл заң ескі атауымен танымал. Өйткені құжатты 2024 жылғы 22 мамырда Мәжіліс «Кейбір заңнамалық актілерге экологиялық таза көлікті танымал ету және электромобильдерге арналған инфрақұрылымды дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» деген атаумен екінші оқылымда қабылдаған еді. Артынша Сенат атауын ықшамдап, өзгертті. Өмірге де жоғарыдағы жаңа атауымен жолдама алмақ.

ЖҮРГІЗУШІ КӘСІБІНІҢ ҚИЫНДЫҒЫ КӨП

Автобус жүргізушілердің айтуынша, мұның өте ауыр жұмыс екенін екінің бірі біле бермейді.

– Ақпарат құралдары: «Автопарктер 400 мың теңге жалақыға жүргізуші таппай жатыр» деп, жерден жеті қоян тапқандай жаңалық таратып жатады. Өңірлерде жол ақысын электронды төлеу жүйесін енгізгенде де әкімдіктер: «автобус жүргізушілері мен кондукторлар күніне 15-25 мың теңгені қалтасына басады» деп жаппай жала жапты. Шынында, жүргізушілер қатарында маман тұрақтамайды, кадр тапшылығы ушығып барады. Неге 400 мыңдық жалақысы бар жұмыстан кетеді? Оның себебі бар! Жыл сайын автобус жүргізушілері әр өңірде еріккеннен ереуілге шықпайды, – деді елордалық автобус жүргізушісі Ғабит Әзілхан.

Оның айтуынша, аймақ түгіл, тіпті еліміздің ірі мегаполистерінің автопарктерінде көліктердің запастық бөлшектерінің қоймасы толып тұрған жоқ, көбіне тақұл-тұқыл күйде. Салдарынан автопарктер жүргізушіні автобустың сынған, істен шыққан бөлшегін сатып алуға, өз бетінше жөндетуге мәжбүрлейді. Немесе жалақыдан шегеруі мүмкін.

Кейбіріне өз есебінен жанар-жағармай құюға тура келеді екен. Бұған қоса, автобустың іші-сырты лас болса, құзырлы органдар айыппұл салады: оны үнемі жуу да жүргізушіге жүктелетіндіктен, автожуу шығындары қосылады. Автопарк басшылары: «Автобусты жұмысқа қабілетті күйде ұстап тұру – жүргізушінің міндеті» деген негізсіз қағиданы қолданады.

Жүргізушінің жалақысы жоғарғы норманы («план») орындауына тікелей байланысты. Автобусы сынып тұрып қалса, отбасы нәпақасынан айрылуы мүмкін, сол себепті жүргізушілер соған жол бермеу үшін осы айтылған шығындарды қалтасынан шығаруға амалсыз баратын көрінеді. Түрлі жоспарды орындау үшін автобустардың бір-бірімен жарысуы да толық жойыла қоймады.

Ғ.Әзілханның айтуынша, автобус жүргізушілерінің ауысымы 14-16 сағатқа дейін созылуы мүмкін. Яғни, жоспарларды орындау үшін екі ауысымды қатар қамтуға тырысады. Елордада біраз қоғамдық көлік түнгі 11-де автопаркке қайтады.

«Күніне жүздеген шақырым жолды еңсереміз. Және бұл жазық, түзу, ашық жол емес. Кілең көлік-көліктің арасымен сығылысып, көшелердің бұлтарыс-қалтарыстарына кілт бұрылып жүреміз. Кептелісте тұрып та жүйке жұқарады, тән шаршайды. «Алдымнан кесіп өттің» (подрезал) деп, жеңіл көлік иелері автобусты қуып жетіп, жүргізушісін сабап кетіп жатады. Өткенде сондай бір бұзақы әріптесімнің бетіне газ балонын шашып кетті. Ал оған бағдарын жалғастыру керек. Ұлы сөздің ұяттығы жоқ, дәретке отыра алмай, ұзақ шыдау керек, бұл жыныстық, репродуктивті органдарға теріс ықпал етеді, жүргізушілер арасында денсаулығы мықтысы аз. Тыныығуға жарты сағат қана беріледі, ол түскі және кешкі асты ішуге ғана жетеді», – деді автобус жүргізушісі.

Салон ішінде жолаушылардың автобус жүргізушісімен ұрысып, төбелесетіні де сирек емес.

Астанада, өзге өңірлерде тасымалдаушылар жергілікті және орталық билікке хат жазып, автобустардың ақырғы аялдамаларында жүргізушілерінің демалысын ұйымдастыратын орын сайлауға, дәретханалар орнатуға, автобус қоятын тұрақтарды жабдықтауға ниет білдіріпті. Бірақ бұған әкімдіктер жер телімін бермей келеді.

Содан жүргізушілер әбден титықтап, қатты шаршайды, тұрақты стресс, ұзақ қажып, қалжырау ақыры депрессияға соқтыруы мүмкін. Ал жол қозғалысы автобус жүргізушісінен жоғары біліктілікті, ұтқыр реакцияны талап етеді. Жол жүрісі қағидаларын бұзса, жол апатына себепкер болып, айыппұл салынса, оның бәрін жүргізуші төлейді.

Қазақстанда демографиялық көрсеткіштер құлдырай бастағанын Ұлттық статистика бюросы хабарлады. Мұндай жағдайда 23 жасқа енді толған жастарды ауыр, азабы көп жұмысқа жегу қаншалықты орынды? Көлік министрлігі мемлекеттің бұған мәжбүрліктен барып отырғанын жасырмады.

Тисінше, «Кейбір заңнамалық актілерге көлік және электрмобильдерге арналған инфрақұрылымды дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына сәйкес, депутаттар автобустар мен троллейбустар жүргізушілерінің жасын 23-ке дейін төмендететін түзетулер енгізді. Сондай-ақ автобус айдағысы келетін адамдарға талап та төмендетілді: оларда 3 жыл жүргізушілік өтілі болса жеткілікті. Ал D1 санатындағы жүргізушілерден 1 жыл жұмыс өтілі ғана талап етілетін болады.

Қоғамдық көлік саласының тәжірибелі маманы, «Алматыэлектротранс» қалалық автобус паркінің бұрынғы басшысы Ризван Цинаевтың түсіндіруінше, D1 санатын алу үшін жүргізуші қаламаңы бағдарларында немесе қала сыртында саны 18-ден аспайтын жолаушыны ғана сыйдыратын шағын автобустарда жұмыс істеуі керек. Тек содан кейін ғана қажетті өтілге қол жеткізеді. Бұл санатта көлік жүргізуге қажетті құқық алу үшін 4-5 жыл кетеді. Салдарынан жаңа жүргізушілердің жаңа легі тым шағын. Автопарктер автобус жүргізушілерін көп көлемде қабылдағысы-ақ келеді, әйткенмен таба алмайды. Мұның соңы жүргізушілердің бірден екі ауысымда, таң азаннан қара кешке дейін жалғыз жұмыс істеуіне соқтырады.

МИНИСТР УӘДЕСІН ҚАЛАЙ ОРЫНДАДЫ?

Көлік министрі Марат Қарабаевтың айтуынша, автобус жүргізушілері үшін жұмыс өтілін азайтуды және D санатындағы жүргізуші куәлігін алуға арналған жас шегін төмендетуді министрліктен жолаушылар тасымалымен айналысатын өңірлік кәсіпорындардың өкілдері қиыла сұраған. Министр былтыр біраз өңірді аралағанда, осы мәселе үнемі алдынан шығыпты. Содан Марат Қарабаев проблеманы жедел – 2024 жылдың бірінші жартысында шешіп беруге уәде еткен екен.

Бастапқыда Мәжіліс министрліктің бұл бастамасын қолдамай, одан бас тартыпты. Содан министр қылыққа басып, тиісті заңнамалық түзетулерді төменгі палата тұжырымдамалық түрде құптап қойған, «экологиялық таза көлікті танымал ету және электромобильдерге арналған инфрақұрылымды дамыту мәселелеріне» арналған заң жобасына бірнеше депутаттың қолдауымен, солар арқылы екінші рет енгізді. Ақырында, бұл заң жобасы Мәжілісте екінші оқылымда қабылданғанда, аталған бастама да мақұлданып кетті.

– Осылайша, мәселе ішінара шешілді: автобус жүргізушілерінің жасы 23 жасқа дейін, ал D1 санатындағылардан талап етілетін жұмыс өтілі 3 жылдан 1 жылға дейін азайтылды. Тасымалдаушылардың үміттенгені бұдан да зор екенін біліміз, бірақ әзірге осыған қанағаттануға тура келеді. Біз салаға талдау жүргіздік. 2014 жылға дейін D категориясына жыл сайын 84 мыңға дейін адам оқыған. Алайда талаптар қатайтылған соң автобус жүргізушісін даярлау 4 мың адамға дейін кеміп кеткен көрінеді. Бұл апатпен тең. Біз осы цифрларды көрсеткенімізде, Мәжіліс төрағасы түсіністікпен қарап, қолдады, – дейді Көлік министрі М.Қарабаев.

Жалпы, автобус дегеніміз – қала көшелерінде жолаушылар тасымалдайтын маршруттегі қоғамдық көлік қана емес. Сондықтан жаңа заңдағы жеңілдіктер барлық автобусқа таралады деп күтілуде. Ресми мәліметке сәйкес, елде 86,7 мыңнан астам автобус тіркелген. Оның ішінде 15,5 мыңы – тұрақты маршруттарда, шамамен 1,2 мыңы – тұрақты емес бағдарларда жұмыс істейді (яғни, жолаушыларды белгіленген маршруттарсыз тасымалдайды).

Сарапшылардың бағалауынша, 9-10 мың автобус елде компаниялар мен ұйымдардың қызметкерлерін тасымалдайды. Қалған автобустардың немен айналысатыны туралы дерек Көлік министрлігінде де жоқ. Болжам бойынша, олардың бір бөлігі қалааралық заңсыз тасымалдаумен айналысуы мүмкін.

Ұлттық статистика бюросының деректерінше, республика бойынша биылғы 4 айда автобус жүргізушілерінің кінәсінен 70 жол-көлік оқиғасы болыпты. Егер мопед жүргізушілерінің кінәсінен болған жол апаттарының саны биыл 111-ге жеткенін ескерсек, тәжірибелі автобус жүргізушілерінің негізінен, абайлап айдап, адамға да, өзге көлікке де соқтықпауға тырысатыны байқалады. Алайда автобустардың тізгін-рөлін мұрты жаңа ғана тебіндеп келе жатқан жас жүргізушілер жаппай ұстаса, жағдайдың қалай өзгеретіні белгісіз.

СҰРАУСЫЗ КЕТКЕН СУБСИДИЯЛАР

Алматы облысының экономикасын алға сүйрер бағыттардың бірі – агроөнеркәсіптік кешен. Жері шұрайлы, шөбі шырайлы, топырағы құнарлы өлкеде ауыл шаруашылығын дамытудың аса зор мүмкіндіктері бар. Кезінде облыс осы жетекші саладағы басымдыққа ие бағыттардың бірегейі – мал шаруашылығы бойынша республикадағы үздіктер қатарында аталатын.

Болат АБАҒАН

Төрт түлікті мыңғыртып өсіріп, оның пайдасын көріп келген халықты мемлекеттік тұрғыда қолдау мақсатында қарастырылған түрлі қолдау да баршылық болатын. Алайда соңғы жылдары сөз бен істің арасында алшақтық көрініс беріп, мемлекеттік қолдаудың маңызын қашырып, мәнін жоғалтатын керітартпа жағдайлар жиі кездесе бастапты. Басқаны айтпағанда, мал тұқымын асылдандыру үшін мемлекет тарапынан берілген миллиардтаған демеуқаржыны нақты мақсатқа жұмсамай, жоғары жақты жалған ақпаратпен жарылқап, қазынадан қарастырылған қаржыны талан-таражға салып жіберу анықталыпты. Соның кесірінен, қағаз жүзінде көрсетілген асылтұқымды мал саны мен дәл қазіргі қолда бар нақты санның арасында еселенген алшақтық бары белгілі болған.

Алматы облысының прокуратурасы облыстық Ауыл шаруашылығы басқармасына жүргізген тексеру нәтижесінде бюджеттік субсидияларды жымқыруға қатысты деректердің, демеуқаржыны шаруаларға беруде заңсыз қитұрқылықтар қолданылып келгенінің бетін ашыпты. Нақтырақ айтқанда, субсидия алатын «таңдаулыларды» алдын ала белгілеп, оларға миллиондаған теңгенің заңсыз төлемдері жасалған.

Облыстық прокуратураның 2024 жылдың 9 шілдесіндегі ақпаратында айтылғандай, субсидиялау саласындағы бұзушылықтар сомасы 4,8 млрд теңгеден асып жығылады және қайтарылуға жатады. Қазір прокуратураның қадағалау актісі бойынша қымқырылған қаржыны кері қайтару қолға алынған және бюджетке 110 миллион теңге қайта құйылыпты.

«Ауылдардағы әлеуметтік-өндірістік кооперативтер асылтұқымды жануарлар алу мақсатындағы селекциялық жұмыстарға арналған 1,2 млрд теңге субсидияны жымқырған. Іс жүзінде асылдандыру жұмыстары мүлде орындалмаған, құжаттар атүсті жалғандықпен толтырылған, облыстағы асылтұқымды мал басының саны мүлде артпаған», – деп хабарлайды Алматы облыстық прокуратурасының баспасөз қызметі.

Ал облыс әкімдігінің есептік деректеріне қарасаң, өңірдегі мал тұқымын асылдандыру бойынша жұмыстар белсенді жүргізілуде. Бұл бағытта айтарлықтай даму бар. Соған қарағанда, ауыл шаруашылығы басқармасындағылар көзбен көргенге емес, қағазға жазылған деректерге ғана сүйенетін, сенетін сыңайлы.

Облыстық прокуратураның баспасөз қызметі хабарлағандай, тек қой тұқымын асылдандыру бағдарламасын орындау нәтижелері бойынша төрт жылда асылтұқымды қой саны 1,9 миллионға көбейген. Бірақ бұл деректер қағаз жүзінде ғана қалғаны белгілі болып отыр. Прокурорлық тексеру көрсеткендей, дәл бүгін облыстағы асылтұқымды қой саны бар-жоғы 367 мыңнан аспайды.

Қазір облыстағы ауыл шаруашылығы саласының даму тиімділігіне талдау жасау жалғасуда және көптеген бұзушылық бен ысырапшылдықтың беті ашылуда. Мәселен, Үйғыр ауданында әлеуметтік-өндірістік кооператив былтыр тіркелген асылтұқымды жануарлардың жоқтығына қарамастан, мал тұқымын селекциялаңдыру жұмыстары үшін деп 45,2 миллион субсидия алған. Артынан анықталғандай, аталған кооператив демеуқаржы алған кезде өзінің жеке ауласындағы мал ретінде аудандағы басқа тұрғындарға тиесілі асылтұқымды малдарды тіркетіп жіберген.

«Әкімдікпен іс жүзінде сақталған мал басына түгендеу жүргізілмеген және соған байланысты мемлекеттік бюджетке орасан шығын келтірілуде. Жымқыру деректері бойынша, бес бірдей сотқа дейінгі тергеу басталып, заңсыз төленген субсидияларды қайтаруға қатысты үш ұсыныс енгізілді», – деп хабарлайды баспасөз қызметіндегілер.

Алматы облысы

ҚАМСЫЗ ҚАРТТЫҚҚА ҚАРЖЫЛЫҚ ҚАМ, ҚАЖЫРЛЫ ШЫДАМ КЕРЕК

Биыл 50-ге толып жатқандар өздерінің Қазақстанның алғашқы «жаңа» зейнеткерлері болатынын біле ме екен? Өйткені енді бір мүшелден соң олар 63-ке толып, жаңа есептеу жүйесі бойынша зейнетақы ала бастайды. Жинақтаушы жүйеге қатысуда қырық жылдық тәжірибесі бар және кеңестік ортақ зейнетақыға жұмыс өтіліне байланысты «іліге» алмайтын алғашқы зейнеткерді күту, соншалықты ұзақ та емес – 14 жыл. Яғни, кім БЖЗҚ-ға қанша қаржы жинайды, сонша алады. Ендеше біздің буын соған қаншалықты дайын? Бейне бір қартаймайтындай бәлсіне бермей, бірауық қамсыз қарттық туралы да ойланып көрелікші…

Нұрлан ҚОСАЙ

КҮШІҢ БАРДА ҚОР ЖИНА

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің енгізілгеніне биыл – 26 жыл. Содан бері оның айналасындағы түрлі әңгіме әлі де толастамай келеді. Қанша жерден түсіндіру жұмыстары жүргізіліп жатса да, халық арасында көп болмаса да сенбейтіндер мен түсінбейтіндер бар. Неге? Өйткені елімізде жыл сайын салымшылар қатары көбейіп, халық саны өсіп жатыр. Қанша адам, сонша пікір бар. Ал сенгендер мен түсінгендер қамсыз қартыққа ақша жинау бәйгесіне баяғыда-ақ белсене қосылып кетті.

Бірақ кім сенсін-сенбесін, түсінсін-түсінбесін, бір нәрсе анық: 1998 жылы енгізілген бұл жүйе енді тоқтамайды! Басты қағида: «Қартайғанда қиналғың келмей ме, осы бастан өзің үшін ақша жина». Ал мемлекет оған кепіл болады. Осыдан ширек ғасыр бұрын таңдап алынған Чили моделі жергілікті ерекшеліктермен толығып, көп өзгеріске ұшырағанымен, әуелгі қағидаттарына берік боп қалды. Осы тұста жиі қойылатын басты сұрақтың бірі – неліктен Чили тәжірибесінің таңдалғаны? Бұл ретте еліміздің зейнетақы жүйесін қалыптастырудың қайнар бастауында тұрған белгілі қаржыгер, «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының басқарма төрағасы Болат Жәмішевтің бір сұхбатында берген жауабы еске түседі.

«Чили жүйесі, жалпы алғанда, біз үшін өте қолайлы жүйе болды. Ол кезде жинақтаушы зейнетақы жүйесін енгізген елдер көп емес еді, ал Чили мемлекеті бұл жүйені сәтті жүзеге асырған елдердің қатарында болды. Мұнда жеке қорлар жұмыс істейді, дәлірек айтсақ, активтері бір қордан берілетін басқарушы компаниялар бұл активтерді өз салымшыларының мүддесіне сай басқарады. Ал салымшылардың басқарушы компанияларды, олардың инвестициялық стратегиясы негізінде таңдауына мүмкіндіктері бар. Бастапқыда осы тұстарды біздің жүйеге енгіздік», – дейді ол. Оның айтуынша, Чили моделіне сілтеме жасағанда, шын мәнінде, жинақтаушы зейнетақы жүйесі жұмыс істейтін бірқатар елдердің тәжірибесі меңзелетінін ескеру керек.

Қазақстанның қаржы жүйесіне зор еңбегі сіңген Болат Бидахметұлының естелігінен Қазақстан жинақтаушы зейнетақы жүйесін (ЖЗЖ) енгізуде алғашқылардың бірі болғанын көруге болады. Ендеше мұны кеңестік жоспарлы экономикадан нарықтық қатынастарға бет түзеген шақтағы тәжірибенің аздығына қарамастан қабылданған формациялық батыл әрі уақытылы шешім деп қабылдау керек.

Ол қандай модель? Адамның еңбек жолы 40 жылға созылатынына негізделген модель – 5 жыл. Осы жылдарда жинаған қаражатыңның игілігін қартайғанда көресің деген жүйе. Байқағаныңыздай, әр сұраққа жауапты осы жобаның авторларынан немесе тікелей қатысы бар мамандардан беріп отырмыз. Мәселен, екі рет Ұлттық банкті басқарған Григорий Марченко: «Экономикалық ынтымақтастықты дамыту ұйымы мен Бүкіләлемдік банктің тұжырымдары бойынша зейнетақы жүйесінің пісіп-жетілетін уақыты – 40 жыл. Сондықтан 1998 жылы 23-те болғандар қазір 49-50-лерде. Олар бүкіл еңбек жолын жаңа жүйеде өткізеді. Міне, осы жастан бастап, өз күшінің қаншалықты екенін бағалап, ертеңгі күнге қор жинап, үлкен шыдамдылықпен күтер болса, бұлар лайықты қарттыққа ие болмақ», – дейді.

Болжамды түрде алғанда «жаңа» зейнеткерлердің қаржылық келешегін қазірден-ақ бағалап көруге болады. Ол бірінші кезекте ЖЗЖ реформаларының сәттілігі, салымшының тәртібі, БЖЗҚ-ның инвестициялық кірісі және еліміздегі жалпы демографиялық ахуалмен байланысты. Осының бәрі болашақ зейнетақыға қатты ықпал етеді. Ендеше бұл факторлардың ішінде сіз бен біздің қолымыздан келетіні – айлық еңбекақымыздан алынатын 10%-дық міндетті төлемдерден бөлек, ерікті төлемдер жасау. Биылдан бастап жұмыс беруші төлейтін 5%-дық жарна да берекемізді арттыра түспесе, кемітпек емес. «Жасыңда біліп істемесең, қартайғанда әлің келмес» демекші, осы бастан әлімізді білейік. Ол үшін әрбір Қазақстан азаматы еңбек жолы басталғаннан-ақ осы қағидат туралы ойлана бастауы керек. Ал мемлекет институционалдық деңгейде тұтастай жүйе құрап, қолайлы жағдай туғызып отыр. Оның шарттары мен талабын түсіну қиын емес. Ең басты шарт – түсінсең де, түсінбесең де айлығыңнан зейнетақы қорына қаржы аудару міндетті.

ЛАЙЫҚТЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІ – ӘЛ-АУҚАТТЫ АРТТЫРУДЫҢ КЕПІЛІ

Осы тұста бүгінгі ахуалға тоқталмай өтуге болмайды. Шынайы жағдайды пайымдап алмай, ертеңгі күннің сұлбасын елестету қиын. Бүгінде еліміздің жинақтаушы зейнетақы қорында 12 млн-нан астам жеке жинақтаушы зейнетақы шоты бар. Ең бастысы, қазірдің өзінде шамамен 400 мың қазақстандық зейнеткер зейнетақысын жинақтаушы қордан алып отыр. Әрине, жалпы есептегенде алатын зейнетақылар әртүрлі деңгейде. Мұның бәрі салымшылардың жарналарды қорға қалай, қашан аударғанына байланысты. Бір сөзбен айтқанда, БЖЗҚ толық қуатында жұмыс істеп тұр. Ендігі мәселе – жоғарыда атап өткен негізгі факторлардың әсері қандай екенінде? Соның ішінде бірінші кезектегісі – еліміздегі демографиялық мәселе. Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының деректеріне сүйенсек, 2024 жылғы 1 қаңтарда ел халқының саны 20 млн-нан асқан екен. Соның ішінде 25 жасқа дейін 8,5 млн адам (42,6%), 25 жастан 65 жасқа дейін 9,7 млн адам (48,5%), 65 жастан асқан 1,8 млн адам (8,9%) бар. Ал 2050 жылдың соңына қарай халық саны 26,3 млн адамға жетуі мүмкін.

Өмір сүру ұзақтығы және қарт адамдардың үлесіне келсек, пандемия жағдайында, яки 2020-2021 жылдары 70,23 жасқа төмендеген бұл көрсеткіш былтыр 75,09 жасқа дейін өскен. БЖЗҚ-ның да, БҰҰ-ның да болжамдары бойынша өмір сүру ұзақтығы ұлғая бермек. Соған байланысты 2050 жылға қарай демографиялық қартаюдың жоғары деңгейі байқалмақ. 60 және одан жоғары жастағы адамдардың үлесі 2008 жылғы 9,7%-дан 2023 жылы 13,6%-ға дейін өскен болса, 2050 жылға қарай 16,7% болмақ, яғни орта есеппен әрбір алтыншы қазақстандық 60 және одан жоғары жаста болады.

Жиынтық туу коэффициентіне келсек, 2022 жылдан бері бұл көрсеткіш те төмендеп келеді, яғни репродуктивті кезеңде (15-50 жас арасы) бір әйел орта есеппен қанша бала тууы мүмкін дегенде, алдыңғы жылы 3,05 бала болса, былтыр 2,96 болған. БҰҰ болжамдарына сәйкес Қазақстанда 2050 жылға қарай бір әйелге шаққанда 2,42 баладан келіп, одан әрі төмендеуі мүмкін екен. Бала туу көрсеткішінің төмендеуі бүкіл әлем үшін жаһандық үрдіс. Туу көрсеткіштерінің біртіндеп төмендеуі және өмір сүру ұзақтығының ұлғаюы жағдайында 1 еңбекке қабілетті адамға түсетін демографиялық жүктеме арта түспек. Бұл – әлеуетті қолдау коэффициенті де төмендейді деген сөз. Яғни, 65 жастағы және одан асқан адамдардың санына бөлгенде еңбекке қабілетті 25-64 жастағы адамдардың саны азаяды. Бұл көрсеткіш елімізде онсыз да 2012 жылдан бері (7,7-ден 2023 жылы 5,49-ға дейін) төмендеп келеді. Тіпті, 2050 жылға қарай шамамен 4,0 болуы мүмкін.

«Бұлай бөліп атап отырғанымыздың себебі туудың азаюы мен өмір сүру жасының ұзақтығы зейнетақы жүйесіне де салмақ түсіреді. Әсіресе, қазіргі үлестіруші жүйеде бұл қаржылық-ұрпақаралық ажырауға алып келуі мүмкін. Яғни, еңбекке қабілетті жас буын қарттарды «асыраулары» керек. Олардан түсетін салықтан зейнетақы төленеді. Мұның жетпей қалу қауіпі де бар. Осындай кезеңді еліміз бір кездері басынан өткерген еді. Жаңа жүйеге көшуіміздің бірден бір себебі де осы. Оның сыртында көші-қон сальдосы да көңіл көншітпейді. ЮНФПА-ның еліміздегі өкілдігі (БҰҰ-ның халықаралық қоры) «Қазақстан Республикасының халық санағы саласындағы жағдайды талдау» атты есебінде 2050 жылға қарай 1000 адамға шаққанда 0 көші-қон сальдосы орнығады деп болжайды. Бұл «республиканың жұмыс күшіне жоғары сұраныстан, елеулі этникалық эмиграция әлеуетінің біртіндеп сарқылуынан, Қазақстаннан оңтүстікке қарай орналасқан елдердегі халықтың жылдам өсуінен болатын экономикалық дамумен» түсіндіріледі.

– Мәселен, 2016-2023 жылдар аралығында, әсіресе пандемиядан кейін Қазақстанға келушілердің жыл сайынғы саны соңғы екі жылда 2 еседен аса өсіп, 2020 жылдан бері кеткендердің саны 2 есеге азайған, – дейді «БЖЗҚ» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Сәуле Егеубаева.

Әрине, демографиялық болжам қара аспанды төндіру үшін емес, соған қамдану үшін жасалады. Ол базалық көрсеткіш қана. Бұл ретте көпке жақпайтын шешімдерді қабылдауға тура келіп жатады. Мәселен, соңғы 28 жылда (1995-2023) бюджет шығынын қысқарту үшін 83 мемлекет өздерінің зейнетақы бағдарламаларындағы жарна мөлшерлемелерін көтерген болса, 67 ел зейнет жасын өсірген, ал 69 мемлекет төлемдерді қайта есептеп, оның көлемін қысқартқан. Біздің елімізде мұндай төтенше шешім қабылдайтындай қатер төніп тұрған жоқ. Бірақ алдын ала қамдану, зейнетақы жүйесіндегі жинақ құрамын дамыту және нығайту, оның орнықтылығын және демографиялық өзгерістерге бейімделуін, болашақтағы зейнеткер буынның жайлы өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету мақсатында қаржылық тәуекелдерді бейтараптандыру шаралары жүргізілуде. Осы бағытта Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде 2024 жылдан бастап кезең-кезеңімен жұмыс берушінің 5% мөлшеріндегі міндетті зейнетақы жарналарын (ЖМЗЖ) енгізу көзделген.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесін дамытудың одан да басқа кең көлемдегі мүмкіндіктері қарастырылуда. Мәселен, еліміздегі қаржы нарығы мен жинақтаушы зейнетақы жүйесін қалыптастырудың бастауында тұрған Григорий Марченко, Ораз Жандосов, Болат Жәмішев, Қадыржан Дамитов, Әнуар Сәйденов, Елена Бахмутова сияқты қазақстандық сарапшылар тобы Қазақстанның қаржы тұрақтылығы мен зейнетақы жүйесінің лайықтылығын арттыру жөнінде бірқатар ұсыныс әзірлеп, Мемлекет басшысының қарауына жолдады. Мұндай ұсыныстарды әзірлеу туралы шешім Қазақстанның зейнетақы жүйесі алғаш рет 2023 жылы енгізілген халықаралық рейтинг - Mercer CFA Institute Pension Index (MCGPI) жаһандық зейнетақы индексінің нәтижелерін зерделегеннен кейін қабылданған екен. Ал MCGPI индексінде әлем халқының шамамен 64% қамтитын 47 елдің зейнетақы жүйелері талданған.

«Қазақстан «тұрақтылық» қосалқы индексі (7 орын) және «тұтастық» қосалқы индексі (14 орын) бойынша өте жоғары бағаланып отыр. Ол еліміздегі мемлекеттің, қызметкердің және жұмыс берушінің қатысуымен құралған тұрақты көпдеңгейлі зейнетақы жүйесіне негізделген. Десе де Қазақстан «лайықтылық» (38 орын) суб-индексі бойынша салыстырмалы түрде төмен баға алды. Бұл елімізде азаматтардың табыстары мен зейнетақы жинақтарын арттыру бойынша жүйелі шаралар қабылдау қажет екенін көрсетеді. Қазақстандық зейнетақы жүйесін одан әрі жетілдіру үшін Mercer CFA институты жағдайы нашар қарттарды қолдаудың ең төменгі деңгейін ұлғайту, үй шаруашылықтарының зейнетақы жинақтарының деңгейін арттыруға ынталандыру, зейнетақы жинақтарын қалыптастыру және инвестициялау кезеңінде олардың мерзімінен бұрын пайдаланылуын қысқарту сияқты негізгі ұсынымдар берді», – делінген қазақстандық сарапшылар тобы жолдаған ұсыныста.

Сол сияқты сарапшылар халықаралық ұйымдардың материалдарын зерделеп, озық зейнетақы жүйелері бар елдердің халықаралық тәжірибесіне сүйене отырып, қазақстандық зейнетақы жүйесінің лайықтылығын қамтамасыз ету бойынша жүйелі шаралар ұсынды. Оның ішінде базалық зейнетақыны нығайту арқылы көп деңгейлі зейнетақы жүйесіндегі мемлекеттік үлесті күшейту, зейнетақымен қамсыздандыруда жинақтаушы құрамды одан әрі дамыту мәселелері бар.

«Зерттеулер зейнетақы жүйесінің үлестіруші түрінің қаржылық тұрғыда тұрақсыз екендігін және мемлекеттік бюджеттен субсидиялардың тұрақты өсіп отыруын талап ететінін көрсетіп отыр. Ал жинақтаушы зейнетақы жүйесі ондағы құрылымды жақсартып қана қоймай, жұмыспен қамтуды рәсімдеу көрсеткішін де арттырмақ. Өйткені салымшының болашақ зейнетақы көлемі оның жарналарына (кіріс табысынан жасалатын аударымдарға) тікелей байланысты, яғни өзі қалыптастырған жинағына меншік құқы өзіне ғана тиесілі. Сонымен қатар дағдарыс кезеңінде зейнетақы жинақтары инвестициялардың ішкі көзі бола отырып, сырттан қарыз алуды және халықаралық нарықтарға тәуелділікті төмендетуге, ЖІӨ өсуінің және ел экономикасына жасалатын инвестициялардың тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жинақтаушы зейнетақы жүйелерін капиталға инвестиция жасау, еңбек нарығының өсуі және жалпы факторлық өнімділік есебінен енгізген елдер ЖІӨ-нің 0,3-тен 0,6%-ға дейінгі қосымша жылдық өсімін алып отыр», – дейді «БЖЗҚ» АҚ Басқарма төрағасы Жанат Құрманов.

Тағы бір атап кететін жайт, елімізде биыл енгізіліп отырған жұмыс берушінің 1,5% мөлшеріндегі міндетті зейнетақы жарнасы 2028 жылға қарай қызметкердің табысының 5%-на дейін жеткізілмек. Бұл шара 1975 жылдан кейін туылған, зейнетақы мөлшері зейнетақы аударымдарына тікелей байланысты болатын қазақстандықтарды қолдауға бағытталған. Олардың зейнетақысы үш құрамдауыштан құралады: мемлекеттен базалық зейнетақы, жинақтаушы зейнетақы (БЖЗҚ-ға өз аударымдары есебінен) және шартты-жинақтаушы зейнетақы (жұмыс берушілердің жарналары есебінен).

Сондай-ақ халықаралық тәжірибені ескере отырып, Ұлттық банк пен инвестициялық портфельді басқарушылар (ИПБ) үшін зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша бірқатар ұсыным да қалыптастырылған. Сыртқы және ішкі зейнетақыны алсақ, қазақстандық ЖЗЖ-ның даму келешегі мен потенциялы өте жоғары. Мұның барлығы да халықтың болашағы үшін жасалып отыр. Өйткені лайықты зейнетақы жүйесі – халықтың әл-ауқатын арттырудың кепілі.

ЖИНАУДАН БҰРЫН САҚТАУ МАҢЫЗДЫ

Байқағанымыздай біз назар аударған қай сарапшы да зейнетақы қорынан оның тікелей міндеттерінен тыс жеке мақсатқа қаржы алынғанын құптамайды екен. Өйткені өзге елдердің тәжірибесінде мұның теріс әсер берген тұстары бар. Мәселен, қазір жинақтардың 50%-ына дейін жеке басқарушы компанияларға беруге қайта рұқсат етілді. Зейнетақы қорынан азаматтарға тұрғын үй, денсаулық сақтаудың мәселелерін шешу үшін төлемдер жасалып жатыр. Мұның барлығы қаншалықты дұрыс?

«Зейнетақы жүйесі ғасырлар бойы жұмысын атқаратын жүйе деп ойлаймын. Бір ұрпақ зейнеткерлікке шығып жатқан кезде, келесі ұрпақ дүниеге есігін ашып жатады. Осы жаңа ұрпақ үшін зейнетақы жүйесі өз жұмысын жалғастыра береді. Сондықтан да кез келген зейнетақы жүйесіндегі ең маңызды мақсат – лайықты зейнетақы төлемін қамтамасыз етуге икемді болу керек. Қазір жинақтаушы зейнетақы қорынан 400 мың адам зейнетақы төлемін алады. Орташа төлем сомасы – 30 мың теңге. Бұл аз. Сондықтан зейнетақы шоттарында азаматтар айтарлықтай артық ақша жинады деп айтуға әлі ертерек. Ал оны шешіп алып, басқа мақсаттарға бағыттау қажет деген жансақ пікір. Бүгінде зейнетақы шоттарында жинақталған ақша зейнетақы төлеу үшін жеткіліксіз. Сондықтан неліктен мұндай шешімнің болғанын әлі де түсінбеймін. Осы жағдайда, жұмыс берушілерден қосымша 5% жарнаны өндіріп алу да мен үшін нонсенс. Өйткені бір жағынан, салымшыларға жинақ шоттарынан ақшасын алу мүмкіндігі беріледі де, сонымен қатар жұмыс берушілерге қосымша салықтық жүктемені арттырады. Демек, бұл салымшылар шешіп алған қаражаттың есебін өтейді деген үмітпен жасалынған шешім сияқты», – дейді қаржыгер Болат Жәмішев.

Кезінде бізге үлгі болған Чилидің өзінде осындай практика болған. Мұнда жинақтаушы зейнетақы қорынан мерзімінен бұрын қаражат алудың үш толқынынан кейін шамамен 4 миллиондай адам зейнетақы жинағынсыз қалыпты. Осыдан соң ел конгресі дер кезінде шешім қабылдап, төртінші және бесінші транштарды қабылдамай тастаған. Әйтпесе, тағы да 5,8 миллиондай адам дымсыз қалады екен. Ал жинақ та, зейнетақы да жоқ жағдай әлеуметтік кикілжіңге алып келуі әбден мүмкін еді.

СӨЗ СОҢЫ – ІСТІҢ БАСЫ

Өзім журналист болсам да, БЖЗҚ-ның 12 миллион салымшысының бірімін. Тіпті, ең төменгі жеткілікті шегінен (ЕТЖШ) асқан 2 миллион теңгемді ипотека жабуға жұмсап, біршама қаржылық мәселемді шешіп алған жайым бар. Жұбайымның да осынша сомадағы артылған ақшасын қосып, жарты несиемізді жаптық. Содан бері екі жыл өтті, зейнетақы жинағымыз тағы көбейіп келеді. ЕТЖШ-ге менікі жетіп қалды, ал жұбайымдікі асып кетті. Әзір мүмкіндік беріліп тұрғасын оны тағы да пайдаланып қалу ниетіміз бар. Мұның бәрін не үшін айтып отырмын? Осы мақаланы жазып отырып, қатты ойланып қалдым. Жұмыс берушім аударып жатқан міндетті жарналар қалай болғанда да аз сияқты. Ендеше ерікті жарнаны шындап жинау қажет. Сонда ғана қамсыз қарттыққа алаңсыз жетуге болады. Өйткені қазіргі жинағымның 35-40% мөлшерін БЖЗҚ-ның инвестициялық кірісі құрайды. Ендеше ерікті жарна көлемі неғұрлым көп болса, кіріс те көбірек болмақ.

Сондықтан егер депозит немесе жинақтаушы зейнетақы қоры деген таңдау бар болса, мен соңғысын таңдар едім. Себебі оған деген сенім портфелі пайда болды. Бұл менің ақшам екенін түсіндім. Әрине, қарсы пікір айтатындар да табылар. Бірақ біздің жинақтаушы зейнетақы жүйесі әлі де болса даму үстінде екенін ескеру керек. Ең бастысы оның базалық принциптері дұрыс. Жеке зейнетақы шотындағы жинағын дербестендірілген, ал ақшаңның сақталатынына мемлекет кепілдік береді. Қанша жинасаң, сонша ала алатынын, мұраға қалдыруға болатыны және тағы басқалар. Зейнетақының тапқаныңмен емес, жинағаныңмен өлшенетіні. Мемлекет бұл жүйені қалыптастырған кезде, адамдардың тек жақын арадағы қысқа мерзімдегі қамын ғана ойлайтынын білді. Өйткені жас адамдардың, тіпті мен сияқты қырықтан асқан замандастарымыздың да болашақта қандай зейнетақы алатынын ойламайтындары шындық. Себебі өзектілік жоқ, қажеттілік аз. Оның үстіне, неге екені белгісіз, бұл туралы мемлекет ойлауға тиіс деген түсінік қалыптасқан. Бүгінгі әңгімеміз осының ара-жігін ажыратып алу тұрғысында өрбіді.

Ең бастысы, лайықты зейнетақы алу үшін қазірден бастап қаржылық қам мен қажырлы шыдам керек. Ал ол қаржының артығын жинақтаудан, яғни қаржылай сауаттылықтан бастау алады. Баршаңызды да осылай жасауға шақырамын. Ендеше іске сәт, болашақ зейнеттестер!

«ГАА-ға күрделі жөндеу» жұмыстарын сатып алу бойынша ашық тендерді өткізу туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «ГАА-ға күрделі жөндеу» жұмыстарын сатып алу бойынша ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды. (Лот саны – 3, 2024-ші жылға жалпы сомасы 557 695 939,56 теңге, ҚҚС-сыз; 2025-ші жылға жалпы сомасы 10 596 222 851,61 теңге, ҚҚС-сыз).

Сатып алынатын жұмыстары тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. Мекенжайынан, 09:00-ден 13:00-ге дейін және 14:30-дан 18:30-ға дейін алуға болады.

Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы/Бұйрық пен Шешім көшірмесі басшыға және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі 2024 жылғы 02 тамызда, сағ. 10:00-ге дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2024 жылғы 02 тамызда, сағ. 11:00-де мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-01-50.

Объявление о проведении открытого тендера по закупке работ «Капитальный ремонт ГПА»

ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении открытого тендера по закупке работ «Капитальный ремонт ГПА». (Количество лотов – 3; общая сумма на 2024 год – 557 695 939,56 тенге без учета НДС; общая сумма на 2025 год – 10 596 222 851,61 тенге без учета НДС).

Перечень выполняемых работ и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Копию тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604, с 09:00 – 13.00 ч. и с 14.30 – 18.30 ч.

Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности или копии Приказа и Решения для руководителей с копией документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 02 августа 2024 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11 часов 00 минут 02 августа 2024 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-01-50.

ПАРАСАТПЕН СУАРЫЛҒАН ПОЭЗИЯ

Кең даланың құшағында еркін өскен ақын Светқали Нұржан (Айтман) табиғаттың тылсым сырларынан жастайынан сыр тартып, тарихтың тұңғиығына көз жіберіп, сұлулық әлеміне сұқтанумен келеді. Ақындық өнердің сиқырлы тылсымы мен қасиетті күші өнерпаздың ақыл-ойы мен жан-жүйесін тұтас баурап, болашақ бағдарын айқындады.

Ақынның поэтикалық әлемі шалқар да өрісті, жырлаған тақырыптарының арнасы кең. Тырнақалды өлеңдерінен бастап кең дүниеге сергек қарағанын, дүние құбылыстарын байқампаздық пен талғампаздықтың талқысынан өткізіп, ақындық көңіл күйінің биікке самғағанын көреміз. Жастық шақ аңсары, достық пен махаббат сезімі, әсемдік пен асқақтық, мұң мен нала қабат өріліп, жас таланттың қаламынан жыр болып төгіліп, сыр болып өріліп отырады. Аз сөзге көп мағына сыйғызу, әр сөзді өз орнына жұмсау, сөз айшықтарын сәтімен қолдану, тың теңеулер мен күрделі тілдік конструкцияларды өлең мәтініне орайластырып, ұйқас пен ырғақтың үйірілімене селкеу түсірмей толғай жырлау шеберлігі тәнті етеді.

Ақынды қалыптастыратын орта туған жер екендігінде ешкімнің күмәні болмаса керек. Шыр етіп дүниеге келгеннен ауасын жұтып, «кіндік кесіп, кір жуған», қаз тұрып, атқа мінген атажұрттың ақын жанына әсер етпеуі мүмкін бе!? Тарихы терең, дәстүрі бай ақындар мен батырлар мекені Маңғыстауда туып-өсіп, ат жалын тартып мінгеннен туған жердің тау-тасын аралай жүріп, аңыз-шежіресі мен өлең-жырына қанығып өскен ақынның бүкіл болмысы осы мекеннің топырағынан жаратылып, бүкіл Қазақ еліне деген ақжарма көңілі мен арынды поэзиясынан көрінеді.

Ақын «Дала» деген өлеңінде:

Баяғы бір ән, баяны күмән бұл қырлар.
Бағыштап барын бұлбұлдар, бетін бұрды ұлдар.
Байқағыш болсаң, баба даланың бойында
Бітіп болмайтын бір сағыныш пен бір мұң бар.
Бөкен сағымдар боз желкеніндей өлкенің,
Бұйра толқынды шағылдар – бітпес ертегім.
...Бұл дала маған ұқсап барады бір түрлі...
Болмаспын, сірә, далама тартсам мен тегін! –

деп сайын сахара, ұлы даланың бойынан байқаған мұңы мен сағынышын толғап, соның астарынан шежіре тартып, сыр іздеп, бара-бара сол даласы мен ақындық болмысының ұқсастығын аңдаған ақын бүкіл шығармашылық ғұмырын соған арнап келеді.

Дала – Светқали ақын поэзиясының басты концептуалдық арқауы, айнымас поэтикалық темірқазығы. Шығармаларындағы негізгі сарын ел қамы, жұрт мұңы, ата-баба жолы, тарихи жадыға негізделген елшілдік болса, солардың бәрі осы ұлы даланға деген махаббаттан бастау алып отырады. Мәңгілікпен үнсіз үйлесім тапқан қасиетті атамекеннің әрбір тауы мен тасы, белесі мен беткейі, өзені мен көлі, сол далада қарауытқан сағаналар мен қорғандар, молалар мен қорымдар, балбалдар мен құлпытастар – бәрі-бәрі талсымына сиқырлы сыр түйіп, ішкі әлемін ашып көретін зерделі ұрпағын күтіп жатқан жұмбақ нысандар. Ақын жаны сол жұмбақты шешуге құштар. Дәйім сол даламен сырласып, қойнауына бүккен тарихи оқиғалардың сілемдерін тауып, сырын білуге талпынады («Қайран Далам, Мендегі ұқшы мұңды, Ұқ сырымды, Жаным бар тіксінулі – Сенен мейір дәметіп келгенімде, Қоя тұрсаң қайтеді сыпсыңыды...»); бүгінгі жайына көз тастап, замананың жайына налиды:

...Бабатүкті боз дала, көгесем қыр,
Можап қапты жел мүжіп көне кеңгір.
Тапқан шақта бабамыз жаудан жазым, –
Көзде кеткен ең соңғы елес ең бір.

Кемиек құм шығарса кемсиген үн,
Замананың болжаймын керсигенін.
Келген сайын қия алмай жылап кетем,
Мен де сені бабамнан кем сүймедім...

С.Нұржан өлеңдерінде даламен қатар кеңінен қолданылатын сол даланың адал перзенттері, тарихи жадының сақтаушылары мен жеткізушілері, ата-бабадан келе жатқан ұрпақтар сабақтастығының алтын көмбесі – аға ұрпақ өкілдерінің орны үлкен. Осы бір ардақты буынды жырлағанда, ол тарихпен тілдескендей, кешегі күнмен көріскендей керім күй кешіп, парыз, аманат, жауапкершілік тұрғысынан ерекше шабытпен абызша толғайды. Аузы дуалы, көкірегі көмбе, салт-дәстүр мен ән-күйді, жыр-шежірені сақтаушы қасиетті «шалдар» образына ақын әркез қайта айналып соғып отырады. Мысалы, «Шалдарды сағыну» деген жыр шоғырында туған өлкесі Маңғыстаудың шалдарын сағына еске алады. *«Жетелеп жолдың торабы, Маңғыстау жаққа барсаңдар. – Құдайдай күтіп алады, Ақ шұнақ шалдар, сары шалдар»,* – деп басталатын бұл жырда ауыл қарттарының жиынтық образы сомдалған. Тұла бойында заманалардың жыры мен сыры хатталған – «тірі хаттарға» поэтикалық мінездеме береді: *«...Есіне өткен кезді алса, Аруана-қарттар боздайды. Жетпеген бізге сөз болса – Жеті атасынан қозғайды. Желбіреп күміс сақалы Сайрайды Абыз Атадай. Ширылып шыққан мақалы – Алшы боп түскен сақадай. Ой салып қапы тұстарға, Бағыштар небір ерге өлең. Жалмауға келген дұшпанға Ақырып қылыш сермеген...»*

Айтман ақын қай тақырыпқа қалам сілтесе де, ұлттық рух пен халықтық сана, қазақы салт-дәстүрге табан тірей отырып, азаматтық позициясы тұрғысынан жырлайды. Ақын өзіне ғана тән мінезі мен ой-сезімін лирикалық кейіпкеріне дарытып, сол арқылы ақындық тұлғасы көрінеді. Өмір-тіршіліктің түрлі жағдайларындағы ақын жүректің бұлқынысы мен құлшынысы, қуанышы мен күрсінісі, махаббат пен жабығу, сенім мен сезік, пайым мен парасат секілді әр алуан халдердің бейнеленуінен ақындық ерекшелігі танылады. Ақын нені жырласа да, өлеңінің сиқырлы күші өз иіріміне тартып әкетеді. Оқырманын бейжай қалдырмай, тереңнен толғайтын өзекті ой да, өмір-тіршілік көріністерін қалтқысыз елестетіп, көз алдына келтіретін бейнелі сурет те, құбылыс-қасиеттердің байыбына жетелеп, ұғындыра түсетін философиялық пайым да автордың ақындық даралығын ашып, иіріміне тарта түседі.

> *Дала – Светқали ақын поэзиясының басты концептуалдық арқауы, айнымас поэтикалық темірқазығы. Шығармаларындағы негізгі сарын ел қамы, жұрт мұңы, ата-баба жолы, тарихи жадыға негізделген елшілдік болса, солардың бәрі осы ұлы даланға деген махаббаттан бастау алып отырады.*

Ақын жырларының мазмұндық-идеялық болмысы мен көркемдік-құрылымдық кестесі жарасым тауып, «тас бұлақтың суындай» келісті қалпымен танылады. Не нәрсені болса да сырттай қызықтамай, тереңнен толғап, астарынан мән іздейтін ақын мазмұн мен форманы орайластыра отырып, өлең өзегінен философиялық түйін шығарады. Ақын философиясы әлеуметтік ойдың катализаторы іспетті. Ол тарих тағылымы, адам жанының жұмбағы, табиғат сырлары, қоғамдық құбылыстар секілді мәңгілік тақырыптардың аясынан көп адам байқай бермейтін жайларды ақынның нәзік жүрегімен сезініп, ақыл-ойымен пайымдап, үздіксіз ізденістерінің нәтижесінде көзі жеткен тұжырымдарды поэзияның шыншыл да сыршыл өрімімен алдымызға жайып салады, сөйтіп санамызға сәуле түсіреді.

Өлең жазудың қыр-сырын терең меңгерген ақын оңтайлы формаға құрылған шымыр ұйқас, көркем образ, көрнекті айшықтаулар мен құбылтулар арқылы өлеңнің нәшін келтіріп, өз мәнеріне тән бірегей көркем әлемді көз алдымызға әкеледі. Оның поэзиясында туған халқының дүниетанымы, этнографиясы, салт-санасы, ұлттық ерекшеліктері, арғы-бергі тарихы мен тағдырының терең іздері жатыр. Кеңестік билік кезінде ана тілінен айырылып, ашаршылық пен репрессия секілді небір зұлматтарды басынан кешіріп, ұлт ретінде жойылып кете жаздаған қазақ халқының тағдырын шеберлікпен жырлайды.

Светқали шығармашылығының бір рухани арқауы – діни сенім, қасиетті исламның адамгершілік ұстындары. Тәуелсіздік алған жылдардан бастап ұлттық поэзиямызда діни-ағартушылық поэзияның жандана түскені белгілі. Классикалық негізі орта ғасырлардағы ислам дінінің философиялық-дидактикалық поэзиясында қалыптасып, содан бері желісі үзілмесе де, кеңестік идеологияның әсерінен теперіш көріп бәсеңсіп қалған діни-исламдық көзқарасты жырлаудың өрістей дамып, жаңа белеске көтерілуі – заңды құбылыс.

Кеңестік тоталитарлық жүйенің қылышынан қан тамып, атеистік саясат қаһарына мініп тұрған сонау сексенінші жылдары жазылған «Құдай туралы жырында» имандылық туын көтеріп, халықтың ғасырлардан келе жатқан діни сенімін қорғап өлең жазған ақын осы қарқынынан бір сәт те босаңсыған емес. Өлеңнің финалында жер бетін дінсіз-құдайсыз, иманнан алыстаған пенделерден тазартып, адамзатты тәубеге шақыру тілегі бар.

Қазақ мәдениетінің барлық тамырына нәр дарытқан исламдық ұстын ақын-жыраулар поэзиясында берік орын алса, бүгін де жарасымды жалғастығын тауып отыр. Қазіргі поэзиямыздағы діни-исламдық дүниетанымның жырлануынан классикалық жанрлар үлгілерінің жаңғыруын көреміз. Жаратушы Алланың дара құдіреті, фәни мен бақиға жалғасқан мәңгілік өмір қозғалысының имани шарттары туралы діни-пәлсапалық сарындар мінәжаттық арнау, дұға-тілек, насихат өлеңдер түрінде көптеген ақындар поэзиясында орын алуда. Алланың құдіретін, Құранның шындығын, Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) хақтығын ұлықтайтын өлеңдер Светқалидың шығармашылығында да молынан ұшырасады. Қожа Ахмет Ясауи ілімімен сусындаған сопылық поэзияның бүгінгі таңдағы жаңғыруына елеулі үлес қосып келе жатқан Светқали шайырдың қолтаңбасын айқын танимыз.

...Табам ақыр дерттің емін – айласын,
Құл Қожа Ахмет, бабам Бекет, қайдасың?
Нұр тамызам – түріп тастай түнегін,
Кірді ағызам – тіліп тастай жүрегін:
«Алла – һай-лап!» –
Ұрып Хақтың қайласын!.. –

деп Аллаға мінәжат етіп, ата-бабалар рухынан медет тілейді. Ақын қолтаңбасындағы тілдің құбылған бейнелілігі мен сөз саптау тәсілдерінің мәнері діни-сопылық дүниетанымммен керім үйлесім тауып отырады. Дұға, мінәжат, уағыз немесе тәмсіл тәрізді өзіне ғана тән көркемдік тәсілдерге жүгінетін діни дискурстағы белгілі бір ұғымдар шоғырын пайдаланып, түр мен мазмұнды шебер қабыстырады. Сопы баба хикметтерінің мәнерімен:

...Құл Айт-Ман, қаңғыма енді Сүлдеге еріп,
Өтерміз бұл қапастан бірдеңе ғып;
Мүрдемді жуар ма Нұр Түрмеме еніп? –
Қапыңды аш, дүниежарық, келіп қалдым!.. –

деп те толғайды.

«Шын шайырда ру жоқ – ұлт болады», «Хас ақында жүз емес – ел болады» деп жырлаған ақын үшін ең маңыздысы – ел бірлігі, ұлттың ұйысуы, адамзаттың ынтымағы. Ол елдің жікке бөлінуі мен халықтар арасындағы алауыздық пен ауажайылушылыққа жанымен қас. Қазіргі заманның қас-қабағын аңдап, жоғалтқанымыздың орнын толтыруды ойлап, даму беталысын бағамдағанда ақын көңіл көншітпейтін қулық-сұмдықтар мен елді тоқырауға ұшырататын азып-тозу белгілеріне майдан ашып, ата-баба аманаты мен арман-мұратын алға апаратын жол іздейді.

Светқалидың поэтикалық лексиконы өте бай. Бұған автордың сөздік қорының молдығы, арғы-бергі тарих-шежіреден мол хабардарлығы, жан-жақты білімдарлығы мен сұңғыла суреткерлігі көмекке келері сөзсіз. Автор шығармашылығынан орайына қарай қазақ тілінің орасан байлығын мейлінше ұтымды пайдаланатынын, қазір қолданыстан шығып қалған байырғы сөздерді белсенділікпен қолданатынын, көне түркілік және діни лексиканы да жатсынбай, кейде ұлттық ұғымға сай келетін өзіндік қолданыстарды да шығармашылықпен қиыстырып жіберетін шеберлігін көреміз. Бұл ақынның ұлттық поэтикадағы жаңашылдығының бір қырын танытса керек.

Ақын шығармашылығында арнау өлеңдер мол орын алады. Елеулі еңбегімен, ерлік-болмысымен дараланып, ел тарихында өлмес із қалдырған көптеген тұлғаларға арналған жырларында олардың ұлт тарихындағы орнына баға беріп, ұмытылмас есімдерін ұлықтап, өлең сөзбен ешқашан ескірмейтін ескерткіш соғады.

Ақын дүниені тану мен адамның рухани әлеміне үңілу мәселесіне ерекше назар аударып, оның түрлі заңдылықтарын поэтикалық тұрғыда бейнелеуге ұмтылады. Фәни мен бақи, тарих пен қазіргі заман, рух пен нәпсі, махаббат пен ғадауат секілді толып жатқан ұғымдардың арасындағы өзара байланыстар мен қайшылықтарды ақынның айшықты майда тілімен әсерлі бейнелеп, философиялық байлам, психологиялық мән, көркемдік мәнер-мақам ұсынады.

Халықтың ұлылығы мен даналығы тілінде жататын болса, қазақтың қазіргі бір уайымы да осы тілінің жағдайына байланысты. Патшалық отаршылдық пен кешегі кеңестік тоталитарлық жүйенің қысымымен әбден тұралап, жойылуға шақ қалған қазақ тілі сөз жүзінде (заңдық тұрғыдан) мемлекеттік мәртебеге ие болса да, іс жүзенде тәуелсіздіктің отыз жылында өзінің мәртебелі тұғырына қона алмай отырғаны – соның айғағы. Ол туралы жазбаған ақын кемде-кем. Светқали ақын да «Менің тілім» өлеңінде осы бір өзекті мәселеге қынжыла отырып, арғы тарихтан тамыр тартып келе жатқан ұлы тілдің тағдырына алаңдайды. Алайда сарыуайымға салынбай, ана тілін менсінбейтін безбүйректерге оптимистік өршіл рухпен ескерте тіл қатады:

...Дертім қалың,
қашаннан Сертім мәлім,
Өзекте өшпес білесің өртім барын.
Тұран-ғалам патшасы – ұран-далам,
Мен тілінде сөйлеймін Ер Тұңғаның!

Шырақ керек көкірек мешітінде,
Құлақ керек бұл үнді есітуге.
Осы тілде гөйлеген Мәді-шәнүй,
Еділ патша сөйлеген осы тілде!

... Іріңге еріп барасың, Білімге ермей,
Жаратқанның хақ жарық нұрын көрмей!
Сорлап қалма – АҚИҚАТ ТАҢЫ АТҚАНДА,
МЕНІҢ ҰЛЫ ТІЛІМЕ ТІЛІҢ КЕЛМЕЙ!!!

С.Нұржан – көптеген дастандар мен аңыз-хикаялар жазған ақын. Оның эпикалық кең тынысты шығармаларында тарихи оқиғаларды шымыр сюжетпен идеялық бағдарына орай ширықтыра суреттейді. Өз кезеңінің шындығы тұрғысынан ел мен жер тағдыры, азаттық үшін күрес пен адамгершілік-имандылық проблемасы нанымды көркемдік шешімін тауып отырады.

«Көкірегім – көне кітап» деген өлеңінде:

Көкірегім – көне кітап.
Сұр тысты.
Қырық қазына, мың мағына – қыртысты.
Қиялым бар жетпіс түрге құбылған –
Көздеріңмен қарамашы бір түсті.

Оқымай-ақ отқа салма мені сен,
Керегіңе жарата алсаң – келісем.
Залым сұмнан сағың сынған налаң мен
Ауырсынған жараң болса – бөлісем... –

деп халқының мұңы мен сырын, қуанышы мен мұратын көркем сөзбен кестелеп, ұлттық поэзиямызға толағай олжа салып келе жатқан Айтман ақын қазір ақындық дер шағында. Түріктік төркінге, қазақы болмысқа адалдық танытып, сөзді кие тұтқан, өлең-жыры мен тарих-шежіресін ұлықтайтын оқырманы оның дегдар ойлы поэзиясына ынтық. Бүкіл саналы ғұмырын ұлтының руханиятына қызмет етуге арнап келе жатқан, жауһар жырдан түйін түйіп, «қазағының қазынасын, Маңғыстауының мағынасын» түгендеп жүрген Светқали шайырдың ойлы сөз, парасатты пайымдарымен рухтанған жырларынан сусындаған оқырмандары интеллектуалды поэзияның құдіретін сезіне түседі.

...Бұл кітапқа кір жұқтырман – көрге енсем!
Түсін бұзбас жапқан шапан, берген шен.
Мұны өйткені,
Ел оқиды – әуелі,
Елден алып Жел оқиды – өлген соң...–

деп о бастан ақындық кредосын, ғұмырлық бағдарламасын нақ айқындап алған С.Нұржан поэзиясы – ел-жұртына деген шексіз сүйіспеншіліктің поэзиясы, тарих тағылымы мен ата-баба жолын дәріптей отырып, заманының күйін толғаған ақынның азаматтық үні.

Светқали поэзиясындағы лирикалық кейіпкердің толғаныстары арқылы көрінетін өршіл ұлттық рух пен азаматтық-отаншылдық сарын бүкіл шығармашылығының өзегін құрайды. Шығармаларындағы ақындық эмоция қуатты поэтикамен жасанған өзіндік көркем әлеміне алып келеді. Ақын рухани дамудың сан-салалы мәселелерін көркемдік оймен алға тарта отырып, оқырманымен сырласады, сұхбаттасады. Ақын поэзиясының көркемдігі, сыршылдығы мен ойлылығы оқырманның санасын оятып, жігерін жанитын эстетикалық қуатымен ерекшеленеді. Ұлтының терең тамырлы тарихы мен салт-дәстүріне табан тірегендіктен, ол бір сәтке де тарихи арнадан көз жазбайды. Ақынның поэтикалық пайымдаулары тарихи деректілікпен, шығармашылық интуициямен, қаламгерлік фантазиямен ұштасып, тілдік, поэтикалық тәсілдер арқылы шебер бейнеленеді. Ақын поэзиясының тартымдылығы мен өміршеңдігінің бір сыры осында болса керек.

Биылғы жылы Айтман ақынның «Көкірегім көне кітап» атты жыр кітабы Абай атындағы Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылып жатыр екен. Оқырманының көңілінен орын алып, халқының құрметіне бөленген ақынның бұл кітабы Мемлекеттік сыйлыққа әбден лайық екені сөзсіз. Шашасына шаң жұқпаған жүйрік ақынның бұл жыр жинағы таланттар додасынан тосқауылсыз өтіп, жеңіс мәресінен көрінеріне сенеміз!

Әділет ҚАБЫЛОВ,
филология ғылымдарының кандидаты,
Yessenov University профессоры

Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылған

АМАНАТ АРҚАЛАҒАН АЙША

Руханият әлемін өнерсіз елестету мүмкін емес. Оның ішінде мәдениеттің мәйегі болған театрдың орны бір төбе. Ол бүгінгінің де, кешегінің де кең құлашты тарихын уақыттың тар шеңберінде алақандай кеңістікте көрсетіп қана қоймай, көрерменге түрлі эмоцияны тікелей сезіндіру үшін ерен еңбекті талап ететін өнер ордасы. Ұлттық әдебиетті ұлықтайтын Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры репертуарының қоржыны, шығармалары шынайы өмірден алынған асқақ жазушы Шерхан Мұртазаның теңдесіз туындылары желісімен жазылған драматург Еркін Жуасбектің пьесасымен толықты.

Ақлима Исмаил

Қанды қырғындардан аман қалған қазақтың басынан бүгінге дейін бұлт арылмағанын тарихтан білеміз. Сұрқай соғыстың, репрессияның қанды қылышын безеген безбүйрек заманның зарын естіртетін туындыны тұғырынан түсірмей сахналау зор тәуекелшілдік. Десе де, классикалық шығармалардың шамшырағы болып жүрген Қазақ ұлттық драма театры қара сөздің қас шебері Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша», «Мылтықсыз майдан» туындыларын көрерменге тарту етті. Басында қасіреттің қамытын кие қоймаған қамсыз тірлікті көрсететін қойылым «Балалықтың елінен келдім» – деген бір сөзбен көрерменді сол сұрапыл уақытқа сүйреп ала жөнеледі. Шаңырағында шаттанып, домбыра тартып, әндетіп отырған Мұртазаны (актер Ж.Толғанбай) НКВД жаналғыштары қолын қайырып «халық жауы» атап алып кетеді. Осы орайда, сахнаның да, актерлердің костюмдері де соған сай безендірілгенін айтпай кетуге болмайды. Өйткені театрда әр қойылымның сахнаға сәтті шығып, халықтан лайықты бағасын алуда көрерменге көрінетін тек әртістер болғанымен, сахнаның сыртында үлкен ұйысқан ұжымның еңбегі жататыны анық. Ақ желек таққан Айшаның (актриса Дәрия Жүсіп) жүзі бал-бұл жанған бақытты сәтін мойнындағы қып-қызыл алқасы айшықтап тұрады. Қара аспанды қайғы бұлты торлаған сәтте сахна сұр, сүреңсіз түске енеді. Сахна әр эпизодқа сай өзгеріп отырады. Бейбітшілік болғанда сахна түрлі-түсті түске еніп түрленсе, Мұртазаны алып кеткен кезде аспанды қара бұл торлап, қызыл сары реңкке боялған толған ай бұлт артынан қалқып барып батады. Сары түс уайым мен сағыныштың символы. Аспандағы Ай Айшаның көңіл-күйіне байланысты, тұтас, оқиғаға орай өзгеріп отырады. Қара қағаз келгенде қызыл түске еніп, Айша қиналғанда ауру көздей кілмейіп көрінеді. Кейде өңі қашып, қуарып, қалған уақытта барлық қасіреттің куәсі ретінде аспаннан ақсұр болып бақылап қана тұрады. Ай ол жерде тек деректі зат емес, ол Айшаның сенімді сырлас серігі, үзілмеген үміті, жаны ауырғанда ақтарылатын жансауғасы. Сосын да Ай Айшаның барлық ішкі бұлқынысын сезіп, соған сай өңін өзгертіп отырады. Режиссер де, суретші де автордың айтқысы келген ойын тап басып, Айды Айшаның жанының айнасы етіп сахнада көрсете алды. Ал спектакль бойы ішін тартып уілдеген әуен заманның барлық зарын, Айшаның ішін қарыған қыжылын сыздауықтай сыздатып жеткізіп отырады. Анадайдан көзге түсетін тағы бір дүние – аспанмен астасқан биік қақпа. Ол ашылады, жабылады, кейіпкерлер қақпа арқылы кіріп – шығып жүреді, бірақ көрерменді оның ар жағында қандай әлем бар деген ой орап алады.

Сахнадағы қақпа көзге көрінетін, реалды қақпа. Ол адамның Құдайды тану жолындағы түсінігімен, көкірек көзінің ашылуымен тікелей байланысты дүние. Пенденің көкірек көзін басқан шелді қақпамен, соңында ашкөздікті әшкерелейтін детальді топырақпен дәйектеген ақынның айтары бұдан да терең болуы мүмкін. Оның сырын финалда, айқара ашылған қақпаның ар жағынан сахнаға самғап ұшып шығып, қанаттарымен қалықтап тұрған құстар ашты. Құс – бейбітшіліктің символы. Демек, азапты жылдардың жылымығы жасырылған арғы бет – қазақ аңсаған жарқын болашақ, бейбіт өмір, тыныш заман. Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған бейбіт заманның осылай ашылуы – өте биік суреткерлік шешім (суретші Мұрат Сапаров). Мұндай шешімге келу – режиссер (Тұңғышбай әл-Тарази) мен суретшінің талғамын ғана танытып қоймай, олардың шығарманы терең түсінгенін, санасымен түйсінгенін, көңіл көкжиегіне түйгенін көрсетеді.

Спектакль Айша образымен ғана емес, Айшаның қайын ағасы – Мамай мен жеңгесі Қамқа отбасының тағдырымен тамырласып отырады. Соғысқа кетіп опат болған Мамайдың ұлы – Орақ, көзі суқараңғы кемпірі Қамқа мен қолындағы нәрестесімен жастай жесір қалған келіні Тотия, сондай-ақ Барысхан, Нұрперзент, Айдай секілді бір топ жастың тағдыры да терең психологиялық тәсілмен, актерлік шебер ойынмен ашылып отырады. Қамқа мен Айшаның тағдырға лағынет айтып, шер тарқатысуы да әйел образын айшықтай түседі.

Спектакльде Нұрперзент пен Айдай қыз қасірет қапсырған кезеңде де таза махаббаттың болатынын көрсетеді. Адам қай кезде де жарқын болашаққа, адал сезімге деген үмітін үзбеу керек ененін осы желіден көруге болады. Ауылдың бір шетіндегі диірменге бір дорба бидайдан ұн тартуға барғандағы Барысхан, Нұрперзент, Айдай арасындағы пәк балалық болмыс, соңына қарай, бойжеткен мен бозбала арасындағы саф сезімге ұласқан сәттері кім-кімнің де көңіл түкпірінде тығылған естеліктерін оятары анық. Жас актерлер осы бір сезім көріністерін асқан сезімталдылықпен көрермендерге шынайы жеткізе білді. Режиссер осы жастарға жарқын болашақтың жарық үмітін сыйлағысы келеді.

Әкесін «Халық жауы» етіп жалмаған жауыз өкіметке Барысханның «Атаңа нәлет, Сталин!» және жаны жаралы Нұрперзенттің аузынан ашумен шығатын: «Атаңа нәлет, Гитлер!» дейтін қарғыстары қысылтаяң шақта айтылып, спектакльдің әсерін одан сайын арттырып отырады.

Спектакль: «Сен қайдан келдің дегенде, бір данышпан, «мен балалықтың елінен келдім» деген екен. Ересектерде сол балалықтың елінен келмеген ешкім жоқ. Анадан ешкім сақал-мұртымен тумайды. Мен де солардың бірімін. Анамның есімі Айша еді. Түсімде ылғи балалық шағымды көрем, Түсімде ылғи туған үйімді көрем. Түсіме ылғи Айша кіреді» – деп басталып,

«Парижде болдым – Париж түсіме кірмеді.
Мысырда болдым – Мысыр түсіме кірмеді.
Қытай, Моңғолстан, Үндістан, Пәкістан, Иран бардым.
Мұхиттың арғы бетіндегі Техаста, Чикагода, Нью-Йоркта болдым – олар да түсіме кірмеді.
Баяғыда Мәскеуде бес жыл оқыдым – оны да түсім де көрмедім.
Түсімде ылғи балалық шағымды көремін.
Түсіме күн сайын Мыңбұлақ кіреді. Түсімде Ақсу-Жабағылыны көремін.
Түсімде ылғи туған үйімді көремін» – деп аяқталады.

Отан, ана, халық деген ең қасиетті ұғымдарды ұштастырып, бір шаңырақтың басынан кешкен оқиғасы арқылы тұтас халықтың, дәуірдің қасіретін тереңінен қазып көрсете білген драматург пен режиссердің, сол оқиғаны дәл түсініп таспалай білген суретшінің талант сүзгісінен осындай шоқтығы биік шедевр шықты. Театрдың шығармашылық құрамы кез келген әдеби туындыны шеберлік шыңына көтеріп көрсете алатынын тағы бір мәрте дәлелдеді.

Қазақ жазушыларының, оның ішінде Тахауи Ахтановтың «Шырағың сөнбесін», Оралхан Бөкейдің «Өз отынды өшірме», «Қар қызы» романдарында соғыс тақырыбы қозғалады. Бұл романдардың қай-қайсысында да ерінің артын күткен, жігері жасымаған, сағы сынбаған, еңсесі езілмеген, артында қалған аманатын көзінің қарашығындай сақтап, отын өшірмеген өр әйелдердің образы бар. Ол әйелдердің осал болуға қақысы жоқ. Тағдырлары таңдау бермесе де, табанымен тас тіліп жүріп асыл азаматтарының аманатын алып қалған аналардың ұлттың сақталуына қосқан үйдей үлесін шығармаларына арқау еткен жазушылар бар және бола бермек. Заманында бір туатын заңғар жазушылардың тұғыры биік туындыларының ғұмыры тоқсан жылдық тарихы бар театр сахнасында жалғаса берсін.

Ұлттық бренд

ӘННІҢ ДЕ БРЕНДІ БАР, ТРЕНДІ БАР

(Басы 1-бетте)

Балнұр САРДАРБЕК,
музыкатанушы:

ПАТРИОТТЫҚ ТАҚЫРЫПТАҒЫ ӘНДЕР ӨТПЕЙДІ

Музыкатанушы ретінде субъективті, критикалық ойлау арқылы әр кезеңнің өзіндік бренді болады деп айтар едім, яғни бренд те жаңарып отырады. Мысалы, Кеңес одағы кезінде Мәскеуде сахнаға шыққан орындаушы арнайы жасалған тұғыр (стенд) үстінде қимылсыз тұрып ән айтуы керек. Сонда Валерий Леонтьев сахнада қозғалып ән айтқан алғашқылардың бірі болыпты. Дайындық кезінде де сол тұғырдан қозғалам деп талай рет құлаған. Осылайша, ол өз елінің брендін жарата алды.

Бір кездері Дос-Мұқасан ерекше шығып, көпті дүркіретіп еді. Оның бірден-бір себебі – жанрдың ерекше болуы. Біріншіден, поп-рок және ұлттық фолк-рок жанрды алып келді. Халық әндерін заманауи поп жанрымен үндестіре отырып, ерекше туындыларды шығарды. Сондықтан олардың орындауындағы кез келген әнді халық бірден жақсы қабылдап, келесі әндерін асыға күтетін деңгейге жетті. Екіншіден, 70-жылдары халық қазақ тілінде айтылатын әндерге, халықтық музыкаға аш еді. Дос-Мұқасан сияқты ұлттық құндылықтарымыздың бірі – ана тілімізді сақтауға үлкен үлесін қосқан топтар аз болды. Бәсекелестіктің жоқ болғаны да белгілі. Сондықтан кезінде нағыз талантты әншілер халық арасында ерекше танылып, бір ұлттың «бренді» атануға мүмкіндік оңайырақ болды деуге негіз бар. Қазір музыкаға әлем деңгейімен қарасақ, жанрдың, бағыттың түрі көп, сондықтан топтарды былай қойғанда, бір әннің өзі ұзақ уақыт бойы тыңдарман арасында актуалдығын сақтап тұра алмайды. Мәселен, он жыл бұрын бір ән жарты жылға дейін тыңдарманның аузында жүретін, одан кейін кезек бойынша келесі ән шығады. Ал қазір хит болудың ұзақтығы небәрі 40-45 күн ғана. Менің ойымша, бүгінгі тыңдарман үшін дауыстың күшінен гөрі оның драматургиясы маңыздырақ. Әлемге танылған Моргенштерннің бір сұхбатын тыңдағанда, ол әннен бұрын қосалқы ырғақтың рөлі зор екенін айтқан. Тағы бір айтарым, қазір патриоттық тақырыптағы әндер өтімді емес.

2000 жылдардың басында бренд болып қалыптасқан топтардың бірі – МузАрт. Бұлар – новаторлар, реформаторлар. Осы топпен қатар ансамбльдер, орындаушы топтар көп құрылды. Бірақ неге дәл осы топты «бренд» деп отырмын? Себебі олар шығарған әннің шамамен 90 пайызы хит болды. Орыстілді қазақ тыңдарманын өзіне қаратты және вокалды-инструменталды ансамбль (ВИА) болды. Сондықтан оларды өз кезеңінде қазақ эстрадасындағы нағыз «бренд» деп айта аламын.

Одан кейін қазақ эстрадасына жаңа леп алып келіп, қазақ тіліне ерекше мән беруге, халық әндердің сахнада көп орындалуына баса назар аударып, рухты әндерді орындап жүрген топтардың ішінде «Ұлытау» тобы бар. Алғашқылардың бірі болып жетіген аспабының сүйемелдеуімен орындаушылықты алып келген Қарақат Әбілдинаның да үлесі зор. Менің ойымдағы бренд – тыңдарманы қазақтілді аудитория ғана емес, новатор әрі ұлттық құндылықтарымызды пайдалана отырып, халық әндерін, аспаптарын кеңінен насихаттауға ұмтылған еліміздің атын шығарып жүрген музыканттар.

Ерболат БЕДЕЛХАН,
продюсер:

ҰЛТТЫҚ ИДЕНТИКА БРЕНД ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ

Кез келген әннің тыңдарман арасында кеңінен таралып, қошеметке ие болуы әншіге байланысты емес. Ол уақыттың өзекті деген тақырыбына, мәселесіне байланысты деп ойлаймын. Қазір ақпараттық технологиялар жедел дамып жатыр, сондықтан түрлі бағыттағы, жанрдағы әндер өз аудиториясында ұзақ сақталады деп айта алмаймын. Мұндай жағдай орындаушылардан бөлек, продюсерлердің де жұмысын күннен күнге күрделендірді. Музыкада «Мейнстрим» деген ұғым бар. Ол – әнді белгілі бір уақыт ішінде ғана ұстап тұруға арналған түсінік. Кей әншілер қазір мейнстримге сіңісіп кеткен. Өйткені орындайтын әні бір уақытқа, жалпы емес кішігірім аудиторияға ғана арналады.

Музыка – үнемі жаңарып отыратын және осыны талап ететін өнер. Егер қазір бұрынғы стильдегі әнді шығара салып, ұсынып көріңізші, тыңдарманы жоқ. Сол стильді жаңартып, қазіргі заманауи бояуды қоссаңыз, оған жаңаша көзқарастар пайда бола бастайды. Мысалы, Майкл Джексонның, 80-жылдардағы ән ырғақтарын қайтадан жаңартып ұсыну арқылы тыңдарман арасында тағы бір тренд жасауға болады. Бұған дейін Еуропа, Африка, тіпті үнді әндерін тыңдап жүргенде Азия елдерінің ішінде K-pop жарқырап шығып, күллі жұрттың назарын аударған болатын. Демек, сол кезде осы стильдегі әндер өтімді болған және жалғасын тауып келе жатыр.

Ән әлемінде де біз ұлттық бренд қалыптастыра аламыз. Ол үшін өнім шығарар кезде ұлттық идентиканы, яғни бірегейлікті дұрыс пайдалануымыз керек шығар. Ұлттық бренд – ұлттық сана-сезімді қалыптастыруға бағытталған, бүкіл әлемге ерекше ұлттық болмысы бар қазақ деген ұлттың иісін сездіру. Оған біздің болмысымыз, тарихымыз, ұғымдарымыз бәрі кіреді. Оңтүстік Кореяның музыкалық бренді қалыптасқаны сонша, бүкіл әлем сол халықтың ұлттық киімдерінен, киносынан, салт-дәстүрінен хабардар. Ал біз «Орда», NinetyOne топтары арқылы заманауи көзқарасты көрсеткіміз келді. Осы топ арқылы Қазақстанда фан-клубтар пайда болды деп дөп басып айта аламын. Бұл да заманауи музыкамыздағы жетістіктердің бірі болып отыр. «Қазақ тілі мен заманауи музыканы байланыстыруға болады екен» деген ой қалыптастырды. Біздің қазақ эстардасында қазақтілді контентке сұраныс бар екенінің дәлелі. Музыка, негізі әлеуметтің ішкі дүниесі, айнасы ғой. Тыңдарман талғамындағы тақырып пен сырттағы әншi орындауындағы ән мазмұны, еңбегі бір-бірімен тоғысқан кезде ғана трендке айналу мүмкіндігі туады. Тренд ел ішінде өзінің жақсы нәтижесін көрсеткенде ол әлемге таралуы әбден мүмкін. Мұндайда көбіне Оңтүстік Кореяны үлгі етіп, эстраданы дамыту жедел қолға алуға болады. Бірақ тыңдарман арасында жаңа тыныс ашылып келе жатса, көпшілік оны қабылдамайды және уақыт сұранысымен санаспайды.

Уақыт өткен сайын тыңдарманның әнге, музыкаға деген көзқарасы өзгере бастайды. Оған шетелден енген субмәдениет немесе әлемдік деңгейге шығып кеткен трендтер әсер етуі мүмкін. Қазір Қазақстанның музыка жүйесінде ұрпақтар қақтығысында толық қалыптасқан жүйе жоқ. Кей жағдайда аға буын өкілдері жастарға үрке қарайтын болды. Бұдан екі буынның арасында теңдік сақталмағанын көреміз. Ал сол теңдік сақталуы үшін, үлкендер шәкірттеріне дұрыс тәрбие беріп, үлгі көрсетуі керек, сонда шектен шыққан артық қылық болмас еді және тың, жаңа дүниелер пайда болғанда аға буынның арасында түсініспеушілік азаяр ма еді деген ойым бар.

Мейіржан ОМАРОВ,
музыка пәнінің мұғалімі:

БІЗДЕ БРЕНДТЕР БҰРЫННАН БАР

Ұлттық бренд бізде әрқашан болған. Қазақ ұлт болып қалыптасқаннан бері мәдениеттің түрлі саласында жарқыраған перзенттер халықтың атынан шығып, шетелдік сахналарды бағындырып жүрді. Айталық, 1925 жылы Әміре Қашаубаев Парижде күллі әлем алдында қазақы дауысымен ән шырқады ғой. Сондағы әмбебап көрмеге қатысуға шақырту алғандардың ішінен Қазақстаннан жалғыз Әміре Қашаубаев болған. Одан кейін КСРО кезінде де халық әртісі атағына ие болған жезтаңдай әншілер өте көп. Қазірдің өзінде түрлі халықаралық фестивальге шығып, Абайдың, халық әндерін шырқап жүрген әншілер жетерлік. Міне, нағыз бренд. Одан кейін Қытай сахнасынан жарқ етіп көрініп, аз ғана уақыттың ішінде дүниенің төрт бұрышына аты тараған Димаш Құдайбергенді атап өтпеске болмас. Білсеңіздер, ол екі жыл қатарынан Азия-Тынық мұхит аймағының ең танымал әртістері тізімінің көшіне енді. Лондонда, Дубайда, Түркияда жеке концертін өткізді. Бұл – Қазақстан үшін зор мәртебе. Мәртебе деп отырған себебім, сахнада шырқаған әндерінің 60 пайызы қазақ тілінде және оның атын естігенде шетелдіктердің ойына бірден Қазақстан түсетіні де рас. Төрткүл дүниеге қазақ өнерін паш еткен тұлғаларды қазіргі тілмен айтқанда еліміздің «бренді» деп атауымыз керек. Бұл туралы өте сирек айтылып жүр.

Бір өкінішті тұсы, біз бренд деп мақтанатын таланттарды өз елімізде бағаламаймыз. Бағалау деген ауыз толтырып мадақ айтып, азды-көп сыйлықтар ұсына салу емес. Брендті бағалау дегеніміз – шетелдіктер мойындаған әншінің әнін үнемі тыңдап, ләззат алу. Ал бізде қалай? Кез келген жастардан сұраңыз, елге тиер пайдасы шамалы бір орындаушыларды атайды. Әлемді мойындатар бренд қалыптастырамыз десек, тыңдарман, халық тарапынан бойында дарыны бар әншіге қолдау керек.

Дайындаған Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

«ГАА GE техникалық қызмет көрсету» қызметтерін сатып алу бойынша ашық тендердің қорытындылары туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС-і «ГАА GE техникалық қызмет көрсету» қызметтерін сатып алудың тендерлік өтінімді жасаған, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Бостандық ауданы, Бұқар жырау бульвары, 33 үй, 18 кеңсе, БСН 070940002368, «Атырауэнергоремонт» ЖШС тендерлік өтінімі нөмірі 1-6 Лоттар бойынша ашық тендердің жеңімпазы ретінде таныды.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-04-76.

Объявление о результатах открытого тендера по закупке услуг «Техническое обслуживание ГПА GE»

ТОО «Азиатский Газопровод» признаёт победителем открытого тендера по закупке услуг «Техническое обслуживание ГПА GE» по Лотам №1-6 тендерную заявку ТОО «Атырауэнергоремонт», Республика Казахстан, г. Алматы, Бостандыкский район, Бульвар Бухар Жырау, дом 33, офис 18, БИН 070940002368.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-76

«Жедел ақпараттық қауіпсіздік орталығының қызметтері» сатып алу бойынша ашық тендердің нәтижелері туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Жедел ақпараттық қауіпсіздік орталығының қызметтері» сатып алу бойынша ашық тендер өткізілмеді деп танылды.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-01-50

Объявление о результатах открытого тендера по закупке «Услуги оперативного центра информационной безопасности»

ТОО «Азиатский Газопровод» признает открытый тендер по закупке «Услуги оперативного центра информационной безопасности» несостоявшимся.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-01-50.

АЯҒЫМА КИМЕДІМ БЫЛҒАРЫ ЕТІК

Саятхан САТЫЛҒАН

Кеңес үкіметі тұсында «Джамбулкожобувь» өндіріс ошағының аты тұтас одаққа дүркірегені белгілі. Ол кезде бір ғана Жамбыл қаласынан 6 миллион жұп аяқкиім шығарылған екен. Қазір ол дәуір тарихтың қойнауында қалды. Десе де, қазір «ТаразКожОбувь» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жұмыс істеуде. Аталған кәсіпорынның бүгінгі тынысы қандай? Байырғы даңқы мен өндіріс көлемін қайта қайыруға бола ма? Зер салып, зерделеп көрсек…

«ТаразКожОбувь» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Еркін Абдыбаевтың айтуынша, кәсіпорын бұрынғы «Джамбулкожобувь» өндірістік бірлестігі негізінде 2002 жылы қайта құрылған екен. Зауыттың іргетасы сонау 1961 жылы қаланса, бүгінде кәсіпорынның өндірістік қуаты жылына 500 мың жұп аяқкиімді құрап отыр. Өндіріс ошағы құқық қорғау органдарына арналған аяқкиім, жұмыс және күнделікті аяқкиімдер шығаруда. Аяқкиімнің ассортиментінде 80-нен астам үлгі бар. Қазір зауытта 250 адам жұмыс істеп жатса, айлық жалақылары 150 мың теңге.

Серіктестіктің ерекшелігі – өндірісті кез келген тапсырыс берушінің талғамына қарай бейімдей алады. Ол үшін зауыт барлық қажетті техника және шикізатпен қамтылған. Аяқкиім фабрикасы брезентті жұмыс аяқкиімін шығаратын цехтардан, хромнан жасалған ерлер аяқкиімін тігетін аяқкиім шеберханасынан, аяқкиім шығаруға дайындық цехтарынан тұрады. Аустрия, Чехия және Италия мемлекеттерінен алдырылған заманауи технологиялармен жабдықталған.

– 60 жылдық тарихы бар зауытта Кеңес Одағы тұсында 6 миллион пар аяқкиім шығарылса, былтыр фабрикада 170 мыңнан аса жұп аяқкиім тігілді. Ал қызметкерлердің саны 242 адамды құрап, орташа айлық жалақылары 118 643 теңгені межеледі. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 9 пайызға жоғары. Жалақыны көтеру тарифтің жоғарылауына, өнім көлемінің ұлғаюына және қызметкерлердің тиімділігінің артуына байланысты болып отыр. Сонымен қатар серіктестік салықтық міндеттемелерін де талапқа сай орындауда. Қазір шикізатты Алматы қаласынан алып отырмыз. Біз бар болғаны елдегі жеңіл өнеркәсіптің 3 пайызын құраймыз. 97 пайызы шетелдіктердің үлесінде. Қазір біздің нарықты Қытай, Өзбекстан мен Түркия елінің өнімдері жаулап алған. Отандық нарықта бізге билік тарапынан қолдау жоқ. Ал тапсырыстың болмауы қысқартуға әкеліп соғуы мүмкін. Осылайша, біз жылдап дайындаған жақсы мамандардан айырылып қалғалы отырмыз, – дейді серіктестік директоры.

Иә, зауыт басшысы кәсіпорынға билік тарапынан қолдаудың жоқтығын ашып айтуда. Оған қоса, өндіріс орны 2016 жылдан бастап Қазақстан Қарулы Күштерінің тапсырысын орындап келсе, биыл одан да айырылып қалыпты. Осылайша, кәсіпорын қиын күнді бастан кешіруде.

Алайда өндіріс ошағы тапсырыстан қағылдық деп қол қусырып қарап отырған жоқ. Кәсіпорын жұмысшылары аяқкиімнің салмағын азайтуға мүмкіндік беретін стробты қатайту әдісін меңгеруде. «ПУ/нитрил» табаны бар әскери етік сияқты аяқкиімнің жаңа үлгілерін шығаруды қолға алған. Сонымен қатар ерлер, әйелдер, жасөспірімдер мен балалардың күнделікті аяқкиім үлгілерінің ассортиментін ұлғайтқан.

Өндіріс ошағындағы кәсіподақ ұйымының төрайымы Марина Тазабаеваның айтуынша, зауыт қызметкерлерінің басым бөлігі – арулар.

– Ұжымның 70 пайызы әйелдерден құралған. Олардың арасында жалғызбасты аналар, мүмкіндігі шектеулі азаматтар, көпбалалы және мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған нәзік жандылар бар. Кейінгі кездері туындап жатқан қиындықтарға қарамастан, біз жұмыс орындарын сақтап қалуға күш салудамыз. Мүмкіндігі шектеулі ондаған адамды жұмыспен қамтыдық. Ұжымдық шартымызда көрсетілген талаптарды мүлтіксіз орындаудамыз. Атап айтқанда, есепті кезеңде зауытта асхана ашылды. Онда жұмысшылар ыстық тамақпен қамтамасыз етілсе, асмәзірінің 50 пайыз құны кәсіпорын тарапынан төленеді, – дейді Марина Тазабаева.

Байқап тұрсаңыздар, серіктестік қоғамда қолдауды қажет ететін жандарды көптеп жұмысқа алады. Олардың жұмыс орнын сақтап қалуға тырысады. Одан бөлек, өндіріс орны алдына ауқымды жоспарлап қойып отыр. Атап айтсақ, зауыт өндіріс қуатын 30 пайызға арттыруды көздеуде. Алайда оған мемлекет тарапынан қолдау қажет.

– Кәсіпорын өз күшімен барлық қиындықты жеңуге тырысуда. Биылға қойып отырған тағы бір мақсатымыз – табанға арналған нитрил төсемдерін шығару. Бұл материал қазір импортталуда. Осы мақсатқа жетсек, импортты алмастыру көлемі 100-150 миллион теңгені құрап, қосымша 10 жұмыс орнын ашуға мүмкіндік туар еді, – дейді зауыт директоры.

Қазір кәсіпорынның аяқкиімдерін GRAND және «Дос-Нар» сауда орындарындағы нүктелерден сатып алуға мүмкіндік бар. Бағасы қолжетімді. Бірақ тұрғындар отандық өнімнен гөрі шетелдік брендтерге қызығушылық танытатындықтан, кәсіпорынның саудасы мәз емес. Алайда тез жыртылып қалатын жылтырақтан жергілікті мықты былғары аяқкиімді артық көретін азаматтар да бар.

– Көктем және күз айларында аяқкиімді міндетті түрде «ТаразКож Обувь»-тің сауда нүктелерінен аламын. Өйткені зауыттың былғары аяқкиімдері жауын-шашын мен суыққа өте төзімді. Бұрындары бір қыста екі шетелдік аяқкиім киіп шығатынмын. Сондай-ақ маусым сайын аяқкиім ауыстыруға тура келетін. Алайда бірер жылдың бедерінде өзіміздің жергілікті зауыттың өнімін тұтынып, аяқкиімді бір ғана емес, екі, тіпті үш жыл киіп жүрмін. Сәл сыры кете бастаса ауылға апарып тастаймын. Үйдегілер шаруашылыққа төзімді аяқкиімге дән риза болуда.

Шындығын айтайын, «ТаразКожОбувь» шығарып жатқандай аяқкиімді басқа базарлардан 40-50 мың теңгеге аласың. Өйткені оларға брендтік жылтырағы жапсырылған. Ал өзіміздің зауыттың сауда нүктелерінен сол аяқкиімді 15 мың теңгеге алуға болады. Сонда қанша қаржы үнем десеңізші. Оған қоса, бір аяқкиімді екі-үш маусым киюге болады. Сондықтан мен барша жамбылдықтарды, тіпті қазақстандықтарды «ТаразКож Обувь»-тің өнімін тұтынуға шақырамын, – дейді Тараз қаласының тұрғыны Самат Тілеужанұлы.

Тараздық жас осылайша замандастары мен үлкендерді отандық өнімді тұтынуға шақыруда. Бұл, әрине бас бармақпен бағалайтын дүние.

Зауыт өз күнін өзі көруге күш салуда. Алайда жергілікті билік былай тұрсын, еліміздің Қарулы Күштерінің өзі тапсырыс беруден бас тартып жатса, бұл жығылғанға жұдырық екені анық. Ел Үкіметі бірнеше жылдың бедерінде отандық өнімді дамытуға үндеп жатыр. Тіпті, мемлекеттік гранттарды да іске қосты. Алайда одан отандық өндіріс дамып кетті дей алмаймыз. Сондықтан «ТаразКожОбувь» секілді материалдық базасы қалыптасқан мүмкіндігі мол серіктестіктерге неге қаржы құймаймыз? Тамшылатып 1,5-2 миллион теңгеден халыққа мемлекеттік грант беріп шағын және орта бизнесті дамыта алмайтынымызға көзіміз жетті. Оған қоса, бұл жеңұшынан жалғасқан жемқорлыққа жол ашып жатқаны да айқын. Сол себепті ірі кәсіпорындардың іргесін кеңейтетін кез келгендей. Егер біз «ТаразКожОбувь» серіктестігіне ауқымды қолдау көрсетіп, өнімін жан-жақты жарнамалауға демеу көрсетсек, отандық өндірістің дамығаны сол болмақ. Бәлкім, одан кейін алдағы онжылдықтың бедерінде өндіріс орнының бұрынғы беделі мен биігін де қайтарып қалармыз. Ал ол экспортқа жол ашатыны белгілі. Одан ел экономикасы ұтпаса, ұтылмайтыны тағы анық.

Жамбыл облысы

МАУСЫМ «ГАУҺАРТАСПЕН» ЖАБЫЛДЫ

Астана қаласы әкімдігінің Музыкалық жас көрермен театры өзінің 4-ші театр маусымын 14 шілде күні Дулат Исабековтің «Гауһартас» музыкалық драмасымен салтанатты түрде жапты.

Көрнекті жазушы-драматург Дулат Исабековтің ең алғашқы тырнақалды көлемді прозалық туындысы «Гауһартас» повесінің сахналық нұсқасына, яғни музыкалық драма жанрындағы қойылымға 70-жылдардағы атакәсіп шопандықпен айналысып, қарапайым ғана тіршілік кешкен шағын отбасының шынайы өмірі мен кісілік келбеттері арқау болған. Адам жанының тазалығы мен биіктігін арқау еткен «Гауһартас» қойылымы ешқашан өзектілігін жоймайтын ұлттық отбасылық рухани құндылықтарды дәріптей отырып, жар қадірін ұғыну, махаббат пен бақыт, шынайы сезімді бағалау секілді ұғымдардың тереңіне бойлатады. Музыкалық жас көрермен театры ұжымының «Гауһартас» спектаклінің әр қойылым билеттері аншлагпен сатылып, рекорд орнатқанын театрсүйер қауым жақсы есте сақтап қалған болуы керек.

Музыкалық драманың авторы Қазақстанның Еңбек Ері, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, жазушы, драматург Дулат Исабеков, қоюшы режиссері және сахналық нұсқасын жасаған Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Асхат Маемиров, сценография және костюм суретшісі – Алма Сырбаева, қойылым лейтмотивін жазған Бауыржан Ақтаев, қоюшы-хормейстер – мәдениет саласының үздігі Ғалымжан Берекешов, қоюшы-хореограф – Уәлитбек Сиязбек, режиссердің ассистенттері – Бауыржан Нұрбай мен Оразалы Игілік, жарық қою суретшісі – Айдын Досаев, дыбыс режиссері – Сабина Ильясова, режиссердің көмекшісі – Гүлдана Әбдісадық және Нұрай Рысбекова, музыкамен сүйемелдеуші – театр ансамблі.

Музыкалық жас көрермен театрының ашылғанына төрт жылдай уақыт өтті. Биылғы маусым да театр ұжымы үшін табысты болып, жаңа премьералардың тұсауы кесілді.

Осы маусымда театр қоржынына «Мәңгілік мұңның әуені» музыкалық-поэтикалық концерті, «Қоштасқым келмейді...» музыкалық драмасы, «Қар ханшайымы» музыкалық ертегісі, «Мадемуазель Нитуш» опереттасы, «Махаббат жағалауы» психологиялық драмасы және «SHOCK қыздар» комедиясы еніп, 7 жаңа премьерамен толығып, театр репертуарының жалпы қойылым саны 23-ке жетті. Сондай-ақ көрермендерге 308 мәрте спектакль ұсынып, бұл қойылымдарды 71 636 көрермен тамашалады. Аталмыш театрдың жұмысы жас ұрпақтың бойына рухани құндылықтарды дарытып, отандық және әлемдік музыкалық қойылымдарды сахналау арқылы балалар мен жасөспірімдердің мәдени-эстетикалық әлемін, таным-тағылымын, шығармашылық әлеуетін жетілдіруге бағытталған.

Айта кетейік, музыкалық жас көрермен театры V маусымын 10 қыркүйекте ашуды жоспарлап отыр.

С.БЕГІМБАЙ

NUR MEDIA медиахолдингі
AIQYN
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ – Шығарушы редактор
Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ – Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА – Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4472
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор – Айдана НҰРМҰХАН